



Ақжолтай
боксшылар
ардақталды

2-бет



Теміртау түтінге
тұншықпайды

3-бет



Көпшіліктің
көзайымы

8-бет



Салық және сана: отаншылдықтың жаңа өлшемі

Жаңа жылдың қаңтары жарқын үмітке толы. Ә деген беттен-ақ ұйытқи сокқан қарлы жел өзгеріс хабарын алып келе салды. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев 2025 жылғы 18 шілдеде қол қойған, ал, 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енген жаңа Салық кодексі эволюция деуге келмес, санадағы ретті революция деп бағамдасақ болар. «Неге?» деріңіз болса, ой елегінен өткізіп көрелік...

Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

— Жаңа Салық кодексінде бақылау жасауға емес, өзара серіктестік орнатуға баса мән беріледі, яғни, осы үдеріске қатысушылардың бәрі — мемлекет те, бизнес те, азаматтар да өз міндетін адал орындауға тиіс. Бірін-бірі өзара толықтырып тұратын мұндай жүйеде салық төлеу ауыртпалық ретінде қабылданбайтын болады. Түптеп келгенде, салық төлеу дегеніміз — заманауи қоғамдық келісімшарт деген сөз. Салық төлесеніз, қызмет көрсетіледі, инфрақұрылым салынады, қауіпсіз орта қалыптасады, тың мүмкіндіктер пайда болады. Керек десеңіз, бұл — әділдік болу үшін жүктемені қайта бөлу құралы, әлеуметтік тұрғыдан әлсіздерді қолдау және экономикалық тұрғыдан «белсенді ортаны» одан әрі дамыту тәсілі.

Бүкіл әлемде фискалдық саясаттың тиімділігі оны жүр-



гізудің сапасымен, жұрттың салық жөніндегі сауатымен және қоғамның сана-сезімімен өлшенеді. Салық төлеу мәдениеті дәл осылай қалыптасады. Салық төлеу бұрын міндет болса, енді отаншылдықтың озық үлгісіне айналады. Мұны сыбайлас жемқорлыққа қарсы қоғам құру-

дың төте жолы деуге болады. Себебі, салығын адал төлейтін азаматтар өз қаржысының алаяқтардың қалтасында кеткенін мүлдем ұнатпасы анық, — деді Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев халықаралық «Turkistan» газетіне берген сұхбатында.

Бастабында «Осы салықтық «қайта жүктеу» қарапайым зақстандықтардың күнделікті өміріне қалай әсер етер екен?» деген заңды сұрақ әркімді болсын бір ауық ойға қалдыратыны бар. Әсіресе, Орталық Қазақстанда салық пен халықтың ахуалының мәні қандай?



Президент тапсырмасын
орындай отырып...

Мәшһүр философ Ральф Эмерсонның: «Қарыздың барлық түрінің ішінде адам салық төлеуге ең құлықсыз» деген сөзі бар. Жаңа Салық кодексінде «төлеу» түсінігі түбірімен өзгерді. Осы күні салық өтеуді әсілі «міндет» емес, ортақ игілікке салынған игілікті инвестиция дегеніміз ондырақ. Жіліктесек, қосымша күн салығының 12%-дан 16%-ға өсуі, тауар бағасы 2-4%-ға қымбаттап, қалтаны жұқартуы айдан анық.

«Қай жеріңнен келеді, ойын күлкін?!» дегендей райда жүрген көпшіліктің көңілі көншімесі және аян. Көңіл — көңілімен, өмір — өмірімен. Ал, онда өтем ретіндегі стандартты салықтық шегерімінің 14 айлық есептік көрсеткішінің 30 АЕК-ке дейін ұлғайғанын неге ескермеске?

«Санаға салмақ түсірген салық» деп міней өте шығуға болады, әрине. Не дегенімізбен, «Салық — өркениеттің құны» деген трендтік ұстаным тұрғысынан таразыласақ, көңіл көзі кейінгі нұсқаны құптайтынын мойындап қоялық. Осы ретте жаңа кодекс қазақстандықтарды фискалдық жүйені жазалаушы қылып емес, серіктестікке шақыратын әріптестік әліпбиі ретінде қабылдауға жүр-жүрлейді. Салықтық есептіліктің 30%-ға, тексеру амалдарының 20%-ға қысқаруы — бюрократиялық қамыттан босау.

► 4-бет

• РЕСМИ

Автокөлік өндірісі өркендеп келеді

Ұлттық статистика бюросының мәліметіне сәйкес, елімізде жалпы құны 311,1 млрд теңгені құрайтын 22 580 бірлік техника өндірілген. Көрсеткіш — жыл басынан бергі кезеңдегі ең жоғары айлық нәтиже. Аталған өсім отандық өнеркәсіптің тұрақты дамуын әрі өндірістік әлеуеттің нығайып келе жатқанын айқын көрсетеді, деп хабарлайды Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің баспасөз қызметінің өкілдері.

Өткен жылдың қараша айымен салыстырғанда өндірілген өнім көлемі 25,5%-ға ұлғайып, өнеркәсіп саласында тұрақты өсім үрдісінің қалыптасқанын, қабылданып жатқан мемлекеттік қолдау шараларының тиімді жүзеге асырылып жатқанын айғақтайды.

— Жеңіл автомобильдер сегменті өсімнің негізгі қозғаушы күші болды. Бір айда қазақстандық кәсіпорындар 20 730 жеңіл автокөлік, сондай-ақ, 807 жүк көлігі, 646 автобус, 310 тіркеме және жартылай тіркеме, 87 арнайы мақсаттағы көлік шығарды. Осы көрсеткіштер өндірістік қуатты белсенді түрде кеңейудің және Chery, Changan және Haval халықаралық брендтерінің жаппай өндірісін іске қосудың нәтижесі болды, олар Қазақстанда жергілікті деңгейде өндіріледі, — деп жазылған ресми хабарлама мәтінінде.

Былтырдың алғашқы он бір айының қорытындысы бойынша елімізде жалпы құны 2,03 трлн теңгені құрайтын 146 163 бірлік жабдық өндірілген. Көрсеткіш 15,7%-ға жоғары. Қазіргі таңда автомобиль жасау саласы бүкіл машина жасау кешенінің 41,7%-ын қамтамасыз етіп, экономиканың ең серпінді әрі қарқынды дамып келе жатқан салаларының бірі ретіндегі өз орнын сенімді түрде нығайтып келеді.

Өз тілшімізден

• ҰБТ - 2026

Сынақ емес, мүмкіндік

Ұлттық бірыңғай тестілеуді халықаралық стандарттарға сәйкестендіріп, оны халықаралық тестке айналдыру жоспарланып отыр. Бұл туралы Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек мәлімдеді. Оның айтуынша, ҰБТ-ны жаңғырту жұмыстары кезең-кезеңімен жүзеге асырылады, ал 2026 жылы тестілеу форматына өзгерістер енгізілмейді.

Жамал СОВЕТҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

2026 жылғы қаңтар айында өтетін Ұлттық бірыңғай тестілеу талапкерлер үшін білімін бағалап, болашаққа бағыт алатын маңызды кезең болып отыр. Соңғы жылдары қаңтардағы ҰБТ-ға деген қызығушылықтың артуы бұл тестілеудің білім беру жүйесіндегі рөлін айқын көрсетті. Қаңтар айындағы ҰБТ негізгі сынақтың алдындағы дайындық қана емес, жоғары оқу орындарына түсуге мүмкіндік беретін кезең ретінде қарастырылады.

Ресми мәліметке сәйкес, 2026 жылғы қаңтар айында өтетін ҰБТ-ға қатысу үшін 187 мыңға жуық адам өтініш берген. Бұл



өткен жылмен салыстырғанда шамамен 20 мың адамға көп. Мұндай өсім талапкерлердің ҰБТ-ға жауапкершілікпен қарай бастағанын және өз болашағын алдын ала жоспарлауға ұмтылатынын аңғартады. Тестілеу 10 қаңтар мен 10 ақпан аралығында өтеді. Өтініш беру барысында талапкерлер тестілеу күнін, уақытын және пунктін өздері таңдады. Бұл компьютерлік форматтың тиімділігін көрсетеді. Мұндай жүйе талапкерлерге ыңғайлы жағдай жа-

сап, психологиялық қысымды азайтуға мүмкіндік береді.

— Орталық ұсынған ақпараттан артық мәлімет айта алмаймын. Қазіргі таңда жоба аясындағы жұмыстар басталып кетті. Алайда оны толық жүзеге асыру үшін кемінде екі жылға жуық уақыт қажет, — деді Ұлттық тестілеу орталығы Қарағанды қалалық филиалының желілік әкімшілендіру бойынша аға сарапшысы Бекарыс Мантайұлы.

2026 жылы Ұлттық бірыңғай тестілеудің форматы өзгеріссіз қалды. Талапкерлер үш міндетті пәннен және өз таңдауы бойынша екі бейіндік пәннен тест тапсырады. Міндетті пәндерге Қазақстан тарихы, оқу сауаттылығы және математикалық сауаттылық кіреді. ҰБТ тапсырмаларының жалпы саны 120-ны құрайды. Оның ішінде Қазақстан тарихынан 20 тапсырма, оқу сауаттылығы мен математикалық сауаттылықтан 10 тапсырмадан, ал екі бейіндік пәннің әрқайсысынан 40 тапсырмадан беріледі. Ең жоғары балл 140 болып белгіленген.

Тестілеу барысында калькулятор, химиялық элементтердің периодтық жүйесі және тұздардың ерігіштік кестесі тестілеу бағдарламасы арқылы қолжетімді. Бұл талапкерлерге есептеу мен талдау жұмыстарын тиімді жүргізуге мүмкіндік береді. Тестілеу уақыты 4 сағатты немесе 240 минутты құрайды. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар үшін қосымша 40 минут уақыт қарастырылған.

Тест аяқталғаннан кейін талапкерлер өз нәтижесіне қатысты апелляцияға өтініш бере алады. Апелляция тестілеу аяқталғаннан кейін 30 минут ішінде қабылданады. Апелляциялық комиссияның шешімінен кейін ғана талапкердің сертификаты жеке кабинетінде жарияланады. Бұл талап тестілеудің ашықтығы мен

әділдігін қамтамасыз етуге бағытталған.

Қаңтар айындағы ҰБТ-ға жоғары оқу орындарына ақылы негізде қабылданғандар, шығармашылық бағыттан кейін басқа мамандықтарға немесе педагогикалық бағытқа ауысқысы келетіндер, мектеп пен колледждердің өткен жылғы түлектері, шетелде білім алған Қазақстан азаматтары, сондай-ақ биыл мектеп бітіретін түлектер қатыса алады. ҰБТ нәтижелері жоғары оқу орындарына ақылы негізде түсу үшін пайдаланылады.

Ұлттық бірыңғай тестілеудің әділ әрі ашық өтуін Ұлттық тестілеу орталығы қамтамасыз етеді. Барлық тестілеу пункттері бейнебақылау жүйелерімен жабдықталған. Тестілеу кезінде белгіленген ережелерді бұзған талапкерлердің нәтижесі жойылады.

— Қаңтар айындағы ҰБТ — талапкерлер үшін қорқыныш емес, мүмкіндік. 187 мың адамның бұл сынаққа қатысуға ниет білдіруі оның маңызын айқын көрсетеді. Қаңтар айындағы тестілеу талапкерге өз деңгейін бағалап, негізгі ҰБТ-ға сенімді дайындалуға жол ашады, — дейді биылғы талапкер Аружан Ардаққызы.

Бұл кезеңді тиімді пайдаланған түлек болашақтағы үлкен сынаққа бір қадам жақындай түседі.

Сурет Ұлттық тестілеу орталығынан

• ҚҰРМЕТ

Ақжолтай боксшылар ардақталды

Жыл соңында қарағандылық қос боксшысы Біріккен Араб Әмірліктерінде өткен ІВА нұсқасы бойынша әлем чемпионатында атой салып, ел қоржынына жүлде салған болатын. Атап айтсақ, Абылайхан Жүсіпов Әлем чемпионы атанса, Сабыржан Аққалықов чемпиондыққа бір табан жетпей, күміспен күптелген еді. Қос боксшының осы бір жетістігі үшін өңір басшысы Ермағанбет Бөлекпаев арнайы қабылдап, құрмет көрсетіп, сый-сияпат тарту етті.



Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Өңір басшысы өз сөзінде қос боксшымыздың жетістігі өскелең ұрпақ үшін үлгі екенін атап өтті. Әрі үлкен белестерді бағындыру тек бір сәттік емес, күнделікті тынымсыз еңбек пен қатаң тәртіптің нәтижесі екендігін баса айтып, спортшыларға жылы лебізін білдірді.

— Сіздер жеңіп алған медаль — жоғары шеберліктің, рух пен спортқа деген адалдықтың дәлелі. Бұл жетістік табандылықтың, көпжылдық еңбектің, мінез бен кәсіби жұмыстың нәтижесі. Сіздер еліміздің намысын абыроймен қорғап, өскелең ұрпаққа үлгі болып жүрсіздер. Әрбір жеңістің артында ұзақ жаттығу сағаттары, бапкерлердің, ата-аналардың және мамандардың қолдауы тұр. Осы жолда бірге болған барша жанға алғысымыз шексіз. Біз сіздерді мақтан тұтамыз! Әлі талай жаңа белестерді бағындыратындарыңызға бек сенімдіміз, — деді Ермағанбет Бөлекпаев.

71 келі салмақта өнер көрсеткен Абылайхан Жүсіпов бес жекпе-жек өткізіп, бесеуінде де жеңіске жеткен болатын.

— Жалпы, бәрі өз ойымдағыдай болды. Өрине, қиындықтар да бар. Бұған дейін үш мәрте әлем чемпионатына қатысып, жартылай финалдан әрі аса алмай жүргенмін. Сондықтан қобалжу болды. Бірақ, сол жылдары көп тәжірибе жинадым. Жинаған тәжірибем осы жолы көп көмектесті. Бір маңызды жайтты атап өтсем, 2007 жылы қарағандылық Серік Сәпиев екінші рет әлем чемпионы атанған болатын. Дәл сол жылы мен Абай қаласында бокспен айналыса бастадым. Араға 18 жыл салып,

алтын медаль әкелу маған бұйырыпты. Бұл — мен үшін тарихи сәт. Әлем чемпионы атану бала кезден келе жатқан арманым еді. Алдымен жасөспірімдер арасында, кейін жастар арасында әлем чемпионы атандым. Араға уақыт салып ересектер арасында да осы биікті бағындырдым, — деді чемпион.

Облыс құрамасының аға жаттықтырушысы Дархан Дүйсембеков команданы үш жылдан бері жаттықтырып келеді. Бапкер өз сөзінде өңірлік бокс мектебінің әлеуеті жоғары екендігін баса айтып, алдағы жоспарымен бөлісті.

— Қазір басты мақсат — Олимпиада ойындары. Маңыздылығы жағынан екінші жарыс — Азия ойындары. Абылайхан үшін әлем чемпионатындағы мақсат орындалды. Ал, Сабыржанға бұл жолы сәттілік жетіспеді. Әу баста Қарағандыға екі алтын алып келуді мақсат етіп едік. Біздің ортақ мақсатымыз — Қарағанды бокс мектебінің даңқын қайта жаңғырту. Әр әлем чемпионаты мен әр Олимпиада ойындарынан алтынмен оралуымыз керек. Қазіргі уақытта бізге жан-жақты қолдау бар. Ал, біздің тараптан — тек үздік нәтиже. Жай ғана жұмыс істемей, чемпион шығаруымыз қажет, — деді Дархан Дүйсембеков.

Қазіргі таңда боксшыларымыз Шымкенттегі оқу-жаттығу жиындарында шеберліктерін шыңдап жатыр. Алда Жапонияда өтетін Азия ойындары мен Азия чемпионаты. Ал, басты сын — 2028 жылғы жазғы Олимпиада ойындары. Сол бәсекелерге жолдама алу үшін жерлестер барын салмақ.

Суретті түсірген
Жангелді ӘБДИҒАЛЫМ

• РЕСМИ

Еуропаға ашылған есік

Облыстың кәсіпкерлер палатасы «Іскерлік байланыстар» бағдарламасы аясында Германияда бизнес-тағылымдамадан өтуге ниетті кәсіпкерлерден өтінім қабылдай бастады. 2011 жылдан бері жүзеге асып келе жатқан бұл жоба отандық кәсіпкерлерге халықаралық тәжірибе жинақтауға, басқару дағдыларын жетілдіруге және шетелдік серіктестермен тікелей байланыс орнатуға жол ашып келеді.

Салтанат ЛІНИЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Бағдарлама аясында 2026 жылы қазақстандық кәсіпкерлер Германиядағы кәсіпкерлікті дамыту орталықтарының базасында тағылымдамадан өте алады. Бұл — бизнес жүргізудің еуропалық моделін өз көзімен көріп, заманауи менеджмент тәсілдерін меңгеруге берілетін нақты мүмкіндік.

Облыстың кәсіпкерлер палатасының директоры Ернар Күлпейісовтің айтуынша, жоба қазақстандық бизнес өкілдерінің кәсіби көкжиегін кеңейтіп, халықаралық деңгейде серіктестік орнатуына жағдай жасайды.

— Бағдарламаға қатысу үшін үміткерлердің басқару тәжірибесі болуы және жылдық орташа табысы кемінде 10 мың айлық есептік көрсеткіштен басталатын шағын және орта бизнес басшысы болуы шарт. Сонымен қатар, келіссөздер жүргізу мен басқарушылық шешімдер қабылдауға өкілеттігі бар тұлғаларға басымдық беріледі, — дейді ол.

Тағылымдама екі кезеңнен тұрады. Алғашқы кезеңде қатысушылар Германияның бизнесті дамыту орталықтары негізінде бес апталық онлайн оқудан өтеді. Бұл кезеңде неміс кәсіпкерлік мәдениеті, нарықтық стратегиялар, басқарудың заманауи құралдары мен халықаралық әріптестік тетіктері қамтылады. Екінші кезеңде кәсіпкерлер үш апта бойы Германияда бо-

лып, өндіріс орындары мен ірі компаниялардың жұмысымен танысады, жетекші кәсіпкерлермен жүздесіп, нақты тәжірибе жинақтайды.

Келесі жылы бағдарлама аясында төрт басым бағыт айқындалған. Олар — жасыл технологиялар және өнеркәсіп, денсаулық сақтау, ақылды ауыл шаруашылығы, әйелдер кәсіпкерлігін қолдау.

Бұл салалар қазіргі жаһандық трендтермен үндесіп, тұрақты даму мен әлеуметтік жауапкершілікке негізделген бизнес-модельдерді енгізуге бағытталған.

Айта кету керек, өткен жылдары бұл бағдарламаның мүмкіндігін Қарағанды облысының төрт кәсіпкері тиімді пайдаланды. Атап айтқанда, «Инкар І», «Compass Solutions Ltd», «АЗИЯ-СМ» және Q-Inspection компанияларының басшылары Германияда тағылымдамадан өтіп, өз кәсіптеріне жаңа серпін берді. Олардың айтуынша, жоба халықаралық тәжірибені меңгеруге ғана емес, бизнесті жаңаша жүргізуге деген өзкәрасты қалыптастыруға да ықпал еткен.

Облыстың кәсіпкерлер палатасы бүгінде өңір бизнесін қолдаудың тиімді алаңына айналып отыр. «Іскерлік байланыстар» бағдарламасы соның нақты дәлелі. Бұл жоба арқылы жергілікті кәсіпкерлер әлемдік нарыққа бір табан жақындап, бәсекеге қабілеттілігін арттыруға мүмкіндік алады.

• СЕНАТ ДЕПУТАТЫНЫҢ ЖҰМЫС САПАРЫ

Сенатқа жүктелген сенім

Парламент Сенатының депутаты Серік Өтешов Қарағанды облысына жұмыс сапары аясында Шахтинск қаласында қала әкімі, қалалық мәслихат депутаттарымен және Қоғамдық кеңес мүшелерімен кездесті. Кездесу барысында өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына қатысты ең өзекті мәселелер ашық айтылып, оларды заңнамалық деңгейде шешу жолдары жан-жақты талқыланды.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

29 желтоқсанда басталған жұмыс сапары барысында Серік Өтешов облыстың бірқатар ғылыми-өндіріс орындарында болып, жергілікті жердегі нақты проблемаларды көзбен көріп, тұрғындармен тікелей пікір алмасты. Осы сапар аясындағы өткен кезекті кездесу де маңызды мәселелерге толы болды.

Күн тәртібінде Шахтинск қаласының және оған қарасты кенттер мен ауылдардың әлеуметтік-экономикалық дамуы, инфрақұрылымдық ахуалы және заңнамалық өзгерістерді қажет ететін мәселелер кеңінен қаралды.

Алғашқы көтерілген мәселе — жылумен қамту. Қоғамдық кеңес мүшесі бойынша, жеке тұрғын үйлерді орталық жылу жүйесіне қосу үшін жаңа жылу пункттерін салу аса маңызды. Жоба мемлекеттік сараптамадан оң қорытынды алғанымен, республикалық бюджеттен қаржы бөлуге қатысты өтінімдер бірнеше мәрте қолдау таппаған. Бұл — кент тұрғындары үшін әлеуметтік маңызды мәселе.

Бірнеше автожол учаскелері жөндеуді қажет етеді. Жұмыстардың бір бөлігі аяқталған. Кейбір учаскелердегі жөндеу келесі жылға жоспарланған.

Кәсіподақ өкілдері жолдардың жөнделмеген бөліктерін және еңбек жарақатына байланысты өтемақыны есептеу тәртібі заңнамалық тұрғыдан реттеудің қажеттілігін көтерді. Еңбек кодексіндегі өзгерістер жұмысшылардың құқықтарын қорғауға бағытталуы тиіс екені айтылды.

Сонымен қатар, инфрақұрылымдық мәселелерге, атап айтсақ, су құбыры желілерін салу, жолдарды толық жөндеу және шағын, орта бизнесті қолдау қажет екені атап көрсетілді. Кепіл мүлкіне қойылатын талаптарды жеңілдету сияқты заңнамалық өзгерістер қарастырылуы тиіс. Бұдан бөлек, тұрмыстық қалдықтарды басқару саласындағы құқықтық олқылықтар да көтерілді. Ірі көлемді қалдықтарды шығару міндеттері тұрғындар мен ұйымдар үшін нақты бекітілуі қажет. Әлеуметтік қолдау мәселелері де назардан тыс қалмады. Ардагерлер мен интернационалист-жауынгерлерге берілетін жеңілдіктерді заң жүзінде бекіту және оларды қысқартпау қажеттігі айрықша атап айтылды.

Сонымен қатар, шағын және орта бизнесті екінші деңгейлі банктер арқылы неснелеу кезінде кепіл мүлкіне қойылатын талаптарды жеңілдету жөнінде заңнамалық өзгерістер қажеттігі де баса айтылды.

Кездесу барысында Шахтинск қалалық мәслихатының төрағасы Жамал Мамерханова, қалалық мәслихат депутаттары Мақсат Тоханов пен Тимур Шакинов те бірқатар әлеуметтік мәселені ортаға салды. Олар І топтағы мүгедектерге күтім жасайтын адамдарға төленетін жәрдемақыны арттыру, қамқоршылық кезеңін зейнетке шығарда еңбек өтіліне қосу және мүгедектер арбасын пайдалану мерзімін 5 жылдан 3 жылға дейін



қысқарту жөнінде ұсыныс білдірді. Сонымен қатар, қаңғыбас иттерге мемлекет тарапынан уақытша баспана табу мәселесін де ортаға салып, үкімет тарапынан бұл бағытта қандай жұмыстар атқарылып жатқанына қызығушылық танытты.

Серік Балғатайұлы өз кезегінде Шахтинскіде көтерілген мәселелердің барлығын нақты деректер мен цифрларға негізделгенін атап өтіп, бақылауына алатынын айтты.

— Бұл — нақты жобалар, нақты сомалар, өңір тұрғындарының тағдыры. Бір ғана жылу жобасының өзіне ауқымды қаржы қажет. Мұндай мәселелерді жүйелі түрде республикалық деңгейде көтермей, жергілікті бюджетпен шешу қиынға соғады. Барлық мәселені жігі қадағалап, зерттеп, заң аясында талқыға салып, оң шешілуін қадағалауға күш саламыз, — деді сенатор.

Ол сондай-ақ, қабылданған жаңа Салық кодексі мен 2026-2028 жылдарға арналған республикалық бюджетте өңірлерге бағытталған шығыстардың артқанын, 2025 жылдан бастап күшіне енген бірқатар заңдардың әлеуметтік маңызы жоғары екенін айрықша атап өтті.

«Парламенттің басты міндеті — өңірлердің үнін есту. Шахтинскідегі әрбір ұсыныс Сенат алаңында қаралады. Заңнама нақты өмірге қызмет етуі тиіс», — деді Серік Өтешов.

Шахтинск қаласындағы кездесу жергілікті проблемалардың ауқымын айқын көрсетті. Жылу, жол, су, әлеуметтік қорғау, ардагерлер мен кәсіпкерлердің мәселелері — барлығы да кешенді әрі заңнамалық шешімді талап етеді. Сенат депутатының бұл сапары өңірлік түйткілдердің Парламент деңгейінде нақты талқылануына жол ашып, Шахтинск мәселелерінің елдік күн тәртібіне шығуына мүмкіндік беретінін атап өткен жөн.

Іссапар барысында депутаттарға жалпы аумағы 1271,6 гектарды құрайтын арнайы экономикалық аймақтың мүмкіндіктері мен даму әлеуеті таныстырылды. Қазіргі таңда АЭА аумағында базалық өндірістік және инженерлік инфрақұрылым толықтай қалыптасқаны атап өтілді.

Атап айтсақ, энергиямен жабдықтау жүйелері, теміржол және автожол желілері, әкімшілік орталық, өрт депосы, сондай-ақ, су құбыры мен кәріз нысандары жұмыс істеп тұр. Бұл өз кезегінде инвестициялық жобаларды іске асыру үшін қолайлы жағдай жасауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, инфрақұрылым-



ды дамытуға бағытталған бюджеттік салымдардың тиімділігіне назар аударылды.

Жұмыс сапары барысында «Сарыарқа» АЭА қызметінің басым бағыттары талқыланды. Аймақтың негізгі мамандануы — металлургия және металл өңдеу салалары. Депутаттар арнайы экономикалық аймақтың қазіргі кезеңдегі негізгі әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштермен танысты. Бүгінде мұнда 23 АЭА резиденті тіркелген, олардың 14-і өндірістік қызметті жүзеге асырып отыр. АЭА құрылған уақыттан бері тартылған инвестициялардың жиынтық көлемі шамамен 220 млрд теңгені құраса, өндірілген өнім көлемі 275 млрд теңгеге жуықтаған.

Сонымен қатар, кездесулер барысында арнайы экономикалық аймақтың одан әрі дамуына және жаңа инвесторларды тартуға кедергі келтіріп отырған бірқатар өзекті мәселе де назардан тыс қалмады. Атап айтқанда, инженерлік инфрақұрылымның жекелеген объектілерін дамытудың жеткіліксіздігі, электрмен жабдықтау қуаттарының шектеулілігі, сондай-ақ, тарифтік саясатты, әсіресе, электр энергиясының құнына қатысты мәселелерді жетілдіру қажеттілігі баса айтылды.

Арнайы экономикалық аймақ аумағында тіркелген заңды тұлғалар, яғни, АЭА резиденттері, өз қызметін тек осы аумақта жүзеге асырып, табысын да осында жүргізетін қызмет түрлерінен алады. Кейіннен олар қосымша инвесторлар тартуға мүмкіндік алады. «Сарыарқа» арнайы экономикалық аймағында мұндай кәсіпорындар үшін мемлекет тарапынан арнайы салықтық режим мен бірқатар жеңілдіктер қарастырылған. Сонымен бірге, мемлекет резиденттерге қажетті инфрақұрылымды — жолдарды, инженерлік желілерді, тазарту құрылыстарын және өзге де нысандарды салып береді. Алайда, бүгінде резиденттер үшін ең өзекті мәселенің бірі электр энергиясының тарифі болып отыр. Әр кәсіпорынмен жасалған келісімде тарифтің көтерілмейтіні қарастырылғанына қарамастан, бұл мәселе алаңдаушылық тудырады.

Қазіргі таңда АЭА аумағындағы қолданыстағы электр қуаты 220 МВт-ты құрайды. Ал, техникалық шарттар бойынша 460 МВт-қа дейін қосылуға мүмкіндік бар. Жұмыс істеп тұрған кәсіпорындар үшін қолданыстағы қуат жеткілікті болғанымен, өндірістік жүктеменің артуы және жаңа нысандардың іске қосылуы перспективалы жобалар үшін электр энергиясы тапшылығының туындау қаупін алға тартады.

Жұмыс сапары аясында депутаттар «Сарыарқа» АЭА аумағында орналасқан «Qaragandy POWER Silicon» ЖШС кәсіпорнына да барды. Аталған компания — аймақтағы жетекші поликремний өндірушілерінің бірі. Он жылдан астам тәжірибесі бар кәсіпорын халықаралық стандарттарға сай келетін күн және электронды сыныптағы жоғары сапалы поликремний өндіруге маманданған.

Сапар қорытындысы бойынша депутаттар «Сарыарқа» арнайы экономикалық аймағының Қарағанды облысының ғана емес, тұтастай алғанда елдің индустриялық-инновациялық дамуы үшін стратегиялық маңызы бар негізгі алаңдардың бірі екенін атап өтті.

Іссапар барысында көтерілген проблемалық мәселелер депутаттық корпусың бақылауына алынып, оларды шешу жолдары орталық мемлекеттік органдармен бірлесіп пысықталатын болады.

Суреттерді түсірген
Александр МАРЧЕНКО

• ГАЗДАНДЫРУ

Теміртау түтінге тұншықпайды

Теміртауда газдандыру жобасы толық аяқталып, инженерлік инфрақұрылым алты мыңға жуық жеке тұрғын үйге дейін жеткізілді. Бұл – мыңдаған отбасы үшін тұрмыстың жаңа сапасына, таза ауа мен қауіпсіз өмірге жасалған нақты қадам. Енді Теміртауда көмір түтіні азайып, қала біртіндеп экологиялық тұрғыдан жаңа тыныс ала бастайды. Жалпы ұзындығы 215 шақырым газ желісі тартылып, сегіз іске қосу кешенін қамтыған үш кезеңнің барлығы толық дайын. Аймақ басшысы Ермағанбет Бөлекпаев бұл туралы әлеуметтік желідегі парақшасында хабарлап, жобаның өнірі үшін маңызын ерекше атап өтті.



Салтанат ІЛИЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Теміртау қаласы әкімдігінің мәліметінше, бүгінде жеке тұрғын үйлердің барлығында газға қосылудың техникалық мүмкіндігі толық бар. Алайда, газды іске қосу мерзімі әр отбасының өзіне байланысты: үй ішіндегі газ желілерінің дайындығы, қауіпсіздік талаптарының орындалуы және қажетті құжаттардың рәсімделуі негізгі шарт болып табылады.

Қазіргі уақытта орталықтандырылған газбен жабдықтауға 2 228 үй қосылған. Сонымен қатар тағы 2 900 отбасыға газға қосылуға арналған техникалық шарттар берілген. Бұл көрсеткіштер алдағы уақытта газ тұтынушылар санының айтарлықтай артатынын аңғартады.

Ермағанбет Қабулаұлы бұл өзгерістің тек тұрмыстық қолайлылық ғана емес, экологиялық тұрғыдан да маңызды екенін атап өтті.

– Теміртауды газдандыру қала тұрғындарының жайлылығы үшін ғана емес, экологиялық жағдай үшін де аса маңызды. Газға көшу зиянды заттардың шығарындыларын азайтып, көмірді пайдалануды қысқартуға және өмір сапасын арттыруға мүмкіндік береді, – деді өңір басшысы.

Газдандырудың тағы бір тарихи маңызы бар кезеңі – Qazmet өнеркәсіп алыбының табиғи газға көшуі болды. Бұл металлургиялық комбинаттың бүкіл тарихында алғаш рет жүзеге асқан өзгеріс. Бұған дейін көмір мен басқа да отын түрлеріне тәуелді болған кәсіпорын бүгінде барлық домна пештерін таза отынға көшірді. Ал, биыл өзге цехтарды да кезең-кезеңімен жаңғырту жоспарланып отыр. Мамандардың айтуынша, бұл өндірістік про-



цестердің экологиялық қауіпсіздігін арттырып қана қоймай, еңбек жағдайын да жақсартуға мүмкіндік береді.

Теміртаудағы бұл жетістік – облыс бойынша жүргізіліп жатқан ауқымды газдандыру жұмыстарының бір бөлігі ғана. Облысты газдандыру 2020 жылдан бері кезең-кезеңімен жүзеге асырылып келеді. Бүгінде Қарағанды қаласының өзінде 8 553 үйге газ жеткізілген. Бұл – қала тұрғындарының тұрмыс сапасын арттырып қана қоймай, шаһардың экологиялық ахуалын жақсартуға бағытталған маңызды қадам.

Шахтинск қаласында да ірі жобалар қолға алынған. Мұнда автоматтандырылған газ тарату станциясы мен төмен қысымды газ құбыры салынды, ал қазіргі таңда ішкі кварталдық желілерді төсеу жұмыстары басталды. Бұл алдағы жылдары шахтинскілік тұрғындардың да көгіл-

дір отын игілігін көруіне жол ашады.

Одан бөлек, Саран қаласы мен Ақтас, Дубовка кенттері үшін газ тарату желілерінің жобасы қайта түзетіліп, өңірдің даму жоспарына сәйкестендірілуде. Бұл елдімекендердің де болашақта газбен қамтылуына берік негіз қалайды.

Газдың келуімен тұрғындар үшін жылу мәселесі жеңілдейді, отынға кететін шығын азаяды, ал ең бастысы, қоршаған ортаға түсетін салмақ төмендейді. Көмір жағудан туындайтын түтін мен күлдің азаюы Теміртау сияқты өнеркәсіптік қала үшін ерекше маңызды.

Ал, өндіріс орындарының да экологиялық таза отынға көшуі қаланың ұзақ жылдар бойғы ауыр өнеркәсіптік бейнесін біртіндеп өзгертуге жол ашпақ.

Суреттер облыс әкімдігінің баспасөз қызметінен

• ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

Қауіпсіздік пен қолайлылық үшін

Облыста теміржол инфрақұрылымын жаңғыртуға бағытталған ауқымды бағдарлама кезең-кезеңімен жүзеге асуда. Бүгінде өңірде 14 нысан, яғни, он вокзал мен төрт жолаушылар платформасы қайта жаңартылуда. Бұл бастама жолаушыларға қызмет көрсету сапасын арттырып қана қоймай, қауіпсіздік пен қолайлылықтың заманауи талаптарын енгізуге бағытталған.

Жаңғырту жұмыстары ғимараттардың сыртқы келбетін жаңартумен шектелмейді. Жоба аясында инженерлік желілер толық жаңаланып, күту залдары мен перрондар қайта жабдықталуда. Сондай-ақ, навигация жүйелері жетілдіріліп, бейнебақылау мен өрт қауіпсіздігі құралдары орнатылуда.

Бағдарламаның маңызды бағыттарының бірі – қозғалысы шектеулі азаматтар үшін қолайлы орта қалыптастыру. Вокзалдар мен платформаларда пандустар, тактильді жолақтар, кең есіктер мен арнайы белгілер қарастырылған.

– Теміржол күн сайын мыңдаған адам пайдаланатын маңызды көлік жүйесі. Сондықтан, вокзалдар тек билет сатып алатын орын емес, жолаушы өзін қауіпсіз әрі жайлы сезінетін кеңістікке айналуы тиіс, – дейді сала мамандары.

Жаңғырту жұмыстары облыстың бірқатар ірі және шағын станцияларын қамтып отыр. Атап айтқанда, Балқаш-2, Мойынты, Ақадыр, Дәрия, Жарық, Жаңа Қарағанды, Қарағанды-Сұрыптау, Мырза, Нура және Сарыбел станцияларындағы вокзалдар толық қайта жаңартылуда.

Одан бөлек, Теміртау (Әлеуметтік қала), Айс, Қарағанды-Сұрыптау (так бағыт) және Сарышаған станцияларындағы жолаушылар платформаларында да құрылыс-монтаж жұмыстары жүріп жатыр.

Бұл нысандар – өңірдің көлік қатынасында маңызды рөл атқаратын түйіндер. Сондықтан, олардың жаңаруы

облыс ішіндегі және аймақаралық қатынастың сапасына тікелей әсер етеді.

Жаңғырту жұмыстары пойыз қозғалысын тоқтатпай, жолаушыларға қызмет көрсетуді үзбей жүргізілуде. Құрылыс кезеңдері алдын ала жоспарланып, негізгі жұмыстар түнгі уақытта немесе қозғалыс азайған сәттерде атқарылуда.

Бұл тәсіл жолаушылардың күнделікті сапарына кедергі келтірмей, бір мезгілде инфрақұрылымды жаңартуға мүмкіндік беріп отыр.

Ауқымды жоба «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» АҚ қаражаты есебінен жүзеге асырылуда. Бағдарлама Қазақстанның теміржол инфрақұрылымын халықаралық сапа және қауіпсіздік стандарттарына сәйкестендіруге бағытталған.

Мамандардың айтуынша, жаңғыртудан кейін вокзалдарда қызмет көрсету уақыты қысқарады, жолаушылар легі тиімді ұйымдастырылады, қауіпсіздік деңгейі артады және ақпараттық қызмет сапасы жақсарады.

Теміржол – облыстың экономикалық және әлеуметтік өмірінде ерекше маңызға ие сала. Өнеркәсіп, туризм, ішкі көші-қон – барлығы осы көлік жүйесіне тікелей тәуелді. Сондықтан, вокзалдар мен платформалардың жаңаруы тек инфрақұрылымдық жоба емес, өңірдің жалпы дамуына қосылған инвестиция ретінде бағаланып отыр.

Өз тілшімізден



Сурет облыс әкімдігінің сайтынан

• ГРАНТ

Қарағандыны жастар өзгертеді

Облыста «Тәуелсіздік ұрпақтары» гранттық бағдарламасы жастардың бастамаларын нақты іске айналдырып келеді деп хабарлады облыс әкімінің баспасөз қызметі. Креативті даму орталықтарынан бастап, инклюзивті кафе мен әлеуметтік типографияға дейінгі жобалар – бүгінгі жас буынның тек идея ұсынып қана қоймай, өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына нақты үлес қосуының айқын көрінісі.

Салтанат ІЛИЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Бағдарлама бастамашыл, талантты әрі белсенді жастарды қолдауға бағытталған. Бастысы – ұсынылған жобалар қоғамның өзекті мәселелеріне жауап беріп, әлеуметтік жауапкершілік пен кәсіпкерлікті қатар ұштастырады.

Осындай бастамалардың жарқын үлгісі – Айна Аратаеваның инклюзивті типография жобасы. Бұл – коммерциялық қызмет пен әлеуметтік миссияны бір арнаға тоғыстырған ерекше кәсіп.

Жоба менталдық ерекшеліктері бар адамдардың еңбек нарығына тартуды көздейді. Типографияда мүмкіндігі шектеулі жандарға арнайы жұмыс орындары ашылып, олар қарапайым баспа операцияларын бастап, дизайн мен беттеу жұмыстарына дейін түрлі дағдыларды меңгереді.

– Менталдық бұзылыстары бар адамдар еңбек саласынан жиі шет қалады. Әсіресе, мектептен кейін, 16 жастан соң олардың даму және өзін-өзі жүзеге асыру мүмкіндіктері күрт азаяды. Типография – мүмкіндіктері әртүрлі адамдарға бейімдеуге болатын орта. Бұл – нақты нәтиже

беретін, табыс әкелетін шынайы еңбек, – дейді жоба авторы.

2025 жылы «Тәуелсіздік ұрпақтары» байқауына алты бағыт, яғни, бизнес, волонтерлік, IT, мәдениет, медиа және ғылым салаларында барлығы 264 жоба ұсынылған. Көпсатылы іріктеу нәтижесінде 25 жоба жеңімпаз атанып, әрқайсысына 2 миллион теңге көлемінде грант берілді.

Бұл қаражат әлеуметтік бастамаларға, инклюзивті орта қалыптастыруға, ғылыми зерттеулер мен медиажобаларды дамытуға бағытталуда. Яғни, гранттар тек жеке бизнес ашуға емес, қоғамға пайдасы бар тұрақты экокүйе құруға мүмкіндік беріп отыр.

Жеңімпаздардың бірі – Әсем Бекбаева. Ол мүмкіндігі шектеулі адамдарды бариста кәсібіне және кофеграфика сияқты шығармашылық бағыттарға оқытатын ерекше кеңістік ашуды жоспарлауда.

Жоба арт-кафе форматында жұмыс істеп, қатысушыларға кәсіби дағды ғана емес, әлеуметтік ортаға бейімделуге жол ашады.

– Біздің мақсат – мүмкіндігі шектеулі жасөспірімдер мен ересектердің еңбек нарығына сенімді қадам басуына жағдай жа-



сау. Кофеграфика сабақтары арқылы олар кофе бетіне сурет салуды үйреніп қана қоймай, бір-бірімен араласып, қоғамдағы

өз орнын сезінеді, – дейді Әсем Бекбаева.

Бұл жоба – инклюзияны қайырымдылық емес, тең мүмкіндік ретінде қарас-

тыратын жаңа көзқарастың көрінісі.

Грант иегерлерінің қатарында Жазира Төлегенова да бар. Ол «Qazaq National Product» брендімен ұлттық тағам – құрт өндірісін жаңғыртуға ниетті.

Бүгінде кәсіпкер құрттың бірнеше түрін шығарып отыр. Пішіндері де алуан түрлі – дөңгелек, шиыршық, тіпті, асық формасында да ұсынылады.

– Алынған грант өндірісті кеңейтіп, жаңа жабдықтау сатып алуға және өнімді жаңа деңгейге шығаруға мүмкіндік береді. Бұл – ұлттық асхананы насихаттаумен қатар, әлеуметтік кәсіпкерлікті дамытуға бағытталған жоба, – дейді Жазира.

Жобаның тағы бір ерекшелігі – кәсіпті мүмкіндігі шектеулі әйелдің жүргізуі. Ол мемлекеттік қолдау арқылы өзін-өзі дамытудың нақты үлгісін көрсетіп отыр. Алдағы уақытта өндіріс ауқымы кеңейген сайын үштен беске дейін жаңа жұмыс орнын ашу жоспарлануда.

«Тәуелсіздік ұрпақтары» бағдарламасы Қарағанды жастарының әлеуетін ашатын маңызды платформаға айналды.

Инклюзивті типография, арт-кафе, ұлттық өнім өндірісі, мұның бәрі жастардың әлеуметтік жауапкершілік пен кәсіпкерлікті үйлестіре алатынын дәлелдейді.

Алдағы айларда жеңімпаз жобалар салалық құрылымдардың сүйемелдеуімен іске асырылып, өңір өмірінде жаңа әлеуметтік және экономикалық серпін қалыптастырмақ.

Суреттер облыс әкімдігінің сайтынан

• АГРОКЕШЕН

Қағаз жүзіндегі кооператив өрісті толтырмайды

Қазақстанда ауыл шаруашылығы кооперациясын дамыту мәселесі соңғы жылдары мемлекеттік саясаттың маңызды бағыттарының біріне айналды. Бұл бекер емес. Ауылдағы ұсақ шаруашылықтардың әлеуетін біріктірмейінше, өндірісті ұлғайту, өнімді өңдеу, нарыққа тұрақты шығу мүмкін болмай тұр. Ал, біздің аймақтың агросарапшылары құрылып жатқан кооперативтердің «қағаз» жүзінде қалып қойғанына алаңдаулы. Бұл мәселені Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ерекше назарға алып отыр. Президент «Turkistan» газетіне берген сұхбатында кооператив құрудың тиімділігін айта келе: «Алайда, бірлестік құру ісін науқанға айналдырып, жұртқа қысым көрсетуге, оларды мәжбүрлеуге жол берілмейді», – дейі.

Қасымхан БҰРҚИТҰЛЫ, «Ortalyq Qazaqstan»

Жалған есеп жарға жықпасын

Жоғарыда атап өткеніміздей, өңірдің агросарапшылары бұл мәселеде жалған есеп жаңылыстыратынын айтып отыр. «Кооперация құруда жоғарыдағы басшылардан бастап, қарапайым сала маманына дейін аса мұқият жауапкершілік танытуы керек», – дейді агроэксперт Никанбай Омарханов.

– Соңғы үш жыл бойы Президент тапсырмасының артында «ел бойынша 4 мыңнан астам ауыл шаруашылығы кооперативі ашылды» деген шындыққа жанаспайтын есептер тұрғаны жасырын емес. Бұл деректер жергілікті атқарушы органдардан бастап, Парламент мінберінде де көтеріліп, ақыр соңында Мемлекет басшысына дейін жеткен.

Жұырда ауыл шаруашылығы саласының сарапшысы ретінде облысымызда «ашылды» деп есеп берілген кооперативтер бойынша аудандарға хабарласып көрдік. Өкінішке қарай, бірде-бір нақты, мардымды жауап ала алмадық. Бұл жағдайға байланысты бірқатар бұқаралық ақпарат құралдары да хабарласып, орынды сұрақ қойды: онда бұл кооперативтер қайда, олар не істеп жатыр?

Шын мәнінде, елімізде де, облыстарда да «кооператив» деп аталып жүрген құрылымдардың басым бөлігі – 2-3 адамның басын қосып, «Ауыл аманаты» бағдарламасы арқылы 32 млн теңге несие алған, бірақ ауыл экономикасына нақты әсер етпейтін жасанды бірлестіктер.

Мемлекет басшысы 2025 жылғы 28 қарашада ауыл әкімдерімен кездесуінде бұл мәселені ашық айтты: «Көбіне мұндай кооперативтерді бірнеше адам ғана құрады. Олар жеке шаруашылық иелері мен өнім өңдеушілер арасында дедал болып жүреді. Соған қарамастан, мемлекеттен жеңілдіктер алады. Бірақ бұл ауыл халқының әл-ауқатын арттыруға кедергі келтіреді», – деп. Бұл – бүгінгі кооперацияның басты диагнозы. Заң жүзінде бәрі дұрыс. Ал, іс жүзінде ауыл адамы үшін кооперативтің пайдасы жок, – деген тұжырым айтады Никанбай Иманғалиұлы.

Отыз миллион мәселені шешпейді
Сарапшылар әр ауылда «қағаз» жүзіндегі ғана емес, нақты жұмыс

істейтін дайындау, өткізу және қызмет көрсету кооперативтері құрылуы қажет деп отыр. Қажет болса, өндірістік кооперативтерге дейін бару керек екенін айтады.

Нағыз кооператив құру үшін мұздатқышы бар мал сою пункті, сүт қабылдау және бастапқы өңдеу орны, ветеринариялық лаборатория, қолдан ұрықтандыру пункті, 100-200 басқа арналған бордақылау алаңы, жүн престоу, тері жинау қоймасы, мал қорымы, егістік жері, мал азығын дайындайтын техникасы, арнайы автокөліктері мен құрал-жабдықтары бар біртұтас инфрақұрылым қажеттігін көлденең тартады.

– Осындай кооперативті құру үшін ауылдағы өндіріс көлемі мен мамандануына қарай кемінде 200-400 млн теңге қажет. Мұны 30 миллион теңгелік несиемен шешу – өзімізді өзіміз алдаумен тең, – дейді белгілі агроэксперт.

Мұндай маңызды шаруада мемлекеттік рөл шешуші болуы тиіс. Мемлекеттік қолдау, жеңілдетілген несие және нақты ұйымдастырушылық бағыт қажет. Агромамандар ол үшін ауыл шаруашылығы кооперативтері туралы заңға заман талабына сай өзгерістер енгізілсе, кооперацияны дамытудың жеке мемлекеттік бағдарламасы қабылданса, әр ауданда қанатқатқы (пилоттық) кооперативтер құрылса деп отыр.

– Бұл жерде тағы бір өткір сұрақ туындайды. Президент пен Үкіметтің сынына жиі ілігіп жүрген, облыстарда ауыл шаруашылығын дамыту институты ретінде құрылған әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялар (ӘКК) нақты немен айналысып отыр? Мемлекеттік қаржыны депозитке салып, пайда табумен ғана шектелмеуі керек. Дәл осы кооперативтерді құру ісіне ӘКК-лер тікелей «жегілетін» уақыт келді. Президент «Жауапкершілікті өз мойнына алып, тиімді шешімдер қабылдаудан қорықпайтын жаңа бұын басқарушы мамандар қажет» деген сөзі – бүгін де өзекті, – дейді Никанбай Иманғалиұлы.

«Кабинетте отырып, кооператив құра алмаймыз»

Агросарапшы Аспандияр Сейсеннің айтуынша, елімізде тіркелген ауыл шаруашылығы кооперативтері ауыл экономикасына серпін беріп отырған нақты тетікке айнала алмай отыр. Мұның бірнеше себебі бар екенін айтады.



Жалпы алғанда, «Ауыл аманаты» бағдарламасы іске қосылған 2023 жылдан бері Қарағанды облысында 114 ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативі құрылды. Оның ішінде 2023 жылы – 62, ал 2024–2025 жылдары 52 кооператив өз жұмысын бастады. Кооперация құруда Ақтоғай ауданы – 25 АӘК, Бұқар жырау мен Шет аудандары – 25 АӘК-тен, Қарқаралы ауданы – 17 АӘК көрсеткішімен алдыңғы қатарда келеді.

Басты мәселе – қаржыға қолжетімсіздік. Мемлекет басшысының тапсырмасымен енгізілген 2,5 пайыздық жеңілдетілген несие ауыл халқы үшін үлкен мүмкіндік ретінде қабылданды. Алайда, бұл бастама іс жүзінде шалғай ауыл тұрғындарына толық жетпей отыр. Себебі қарапайым – кепілдікке қойылатын жылжымайтын мүлік мәселесі. Кооперативтерге арналған 31,5 млн теңге, жеке тұлғаларға қарастырылған 9 млн теңге аз қаржы емес. Бірақ ауылдағы қарапайым адамның оны алуға кепілдікке қоятын бағалы мүлкі жок. Ал, кепілді бар ірі шаруашылықтар осы несиелерді алып, нәтижесінде мемлекеттік қолдау ең мұқтаж ауыл тұрғынына емес, онсыз да аяғынан нық тұрған алпауыт шаруаларға бағытталып отырғанын айтады сарапшы.

– Ауыл шаруашылығы министрі Айдарбек Сапаров мал шаруашылығын дамыту үшін несиенің 85 пайызын Даму банкі кепілдендіретін механизм бар екенін айтқан еді. Алайда, бұл құралдың тиімділігін шалғайдағы шаруа әлі күнге дейін нақты сезініп отырған жок. Егер бұл жүйе шын мәнінде жұмыс істесе, кооперацияға деген қызығушылық та, сенім де әлдеқайда жоғары болар еді. Кооперацияның дамуы тек қаржыға тіреліп тұрған жок. Ауыл тұрғындарының бірігіп жұмыс істеуге деген сенімі төмен. Бұған халықты кінәлау дұрыс емес. Себебі жүйелі ақпараттық-түсіндіру жұмысы жоқтың қасы. Облыстық, аудандық деңгейдегі ауыл шаруашылығы саласының мамандары ауылдарға барып, кооперацияның артықшылығын нақты мысалмен түсіндіріп жатқан жок. Ауылға

бармай, кабинетте отырып кооператив құрамыз деу – нәтиже бермейді. Осыдан кейін жекелеген белсенді азаматтардың бастамалары қолдаусыз қалып, көбіне сәтсіздікке ұшырап жатады. Бүгінде агробанк құру қажеттігі жиі айтылады. Бұл – уақыт талабы. Ауыл шаруашылығының ерекшелігін түсінетін, кепілдік саясатын ауыл жағдайына бейімдейтін арнайы қаржы институтынсыз кооперацияны дамыту қиын. Сонымен қатар әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялардың (ӘКК) тек қаржы таратушы емес, ауылдың нақты мәселесін шешетін құрылымға айналуы да өзекті, – дейді Аспандияр Сейсен.

114 кооператив құрылды

Аграрлы аймағымызда «Ауыл аманаты» бағдарламасының аясында күні бүгінге дейін 114 ауыл шаруашылығы кооперативі құрылыпты. Олар ауыл тұрғындарынан ет, сүт және басқа да ауыл өнімін тұрақты түрде сатып алып, оны өткізуге көмек көрсетіп отырған көрінеді.

– Мәселен, «Мади-Агро 7» ауыл шаруашылығы кооперативі жақын ауылдардағы тұрғындардан ет жинап, оны облыстағы ірі кәсіпорын – «Qarmet» АҚ-ға өткізуде. Биылдың өзінде осы кооператив арқылы 80 тоннаға жуық ет сатылған. Бұл – кооперацияның ауыл адамы үшін төрт түліктің нақты табыс көзіне айнала алатынын көрсететін айқын мысал. Сонымен қатар, жеке қосалқы шаруашылықтарда өндірілген өнімді сақтау және өткізу мәселесі де назардан тыс

қалған жок. Мал шаруашылығы бағытындағы өнімдер аудан әкімдіктері ұйымдастыратын жәрмеңкелер арқылы сатылып, ауыл тұрғындарына қосымша табыс көзіне айналууда. Жалпы алғанда, «Ауыл аманаты» бағдарламасы іске қосылған 2023 жылдан бері Қарағанды облысында 114 ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативі құрылды. Оның ішінде 2023 жылы – 62, ал 2024–2025 жылдары 52 кооператив өз жұмысын бастады. Кооперация құруда Ақтоғай ауданы – 25 АӘК, Бұқар жырау мен Шет аудандары – 25 АӘК-тен, Қарқаралы ауданы – 17 АӘК көрсеткішімен алдыңғы қатарда келеді. Бұл жұмыс алдағы уақытта да кезек-кезеңімен жалғасын табады. Біздің мақсат – ауылдағы әрбір еңбеккер азаматтың маңдай тері әділ бағаланып, ауыл экономикасы тұрақты дамитын жүйе қалыптастыру. Ауылдың әлеуетін арттыру – бұл тек ауыл тұрғындарының емес, тұтас өңірдің, елдің болашағы, – дейді облыстық ауыл шаруашылық басқармасы басшысының орынбасары Сырым Бошпанов.

«Сапа Mix» сапалы кооператив

Ақтоғай ауданы кооперацияны дамытудың тиімді үлгісін көрсетіп отыр. Мұнда «Ауыл аманаты» аясында соңғы екі жылда жүздеген миллион теңгеге әртүрлі жобалар қаржыландырылды.

2023 жылы аудан бойынша 65 жобаға 598,3 млн теңге жеңілдендірілген несие берілді. Оның ішінде 18 кооператив пен 47 жеке шаруа қожалығының өміршен жобалары қаржыландырылды. Нәтижесінде мал басы көбейіп, техника алынды, 100-ден астам жаңа жұмыс орны ашылды. 2024 жылы да бұл жұмыс жалғасын тапты.

«Бір ауыл – бір кооператив» жобасы аясында Ақтоғай ауылында «Сапа Mix» ауыл ша-

руашылығы өндірістік кооперативі құрылды. Бұл кооператив әмбебап бағытта жұмыс істеп, ауыл тұрғындарының күнделікті қажеттіліктерін қамтамасыз етуге бағытталған бірнеше маңызды жобаны іске асыруда.

Бірінші бағыт – ауыл тұрғындарын және жақын елдімекендерді мал азығымен, жемшөппен, көмір, отын және құрылыс материалдарымен тұрақты қамтамасыз ету. Осы мақсатта аумағы 561 шаршы метрді құрайтын арнайы нысан сатып алынып, автотаразы орнатылды. Қазіргі уақытта 150 тонна «Шұбаркөл» көмірі жеткізіліп, екі арнайы автокөлік алынған. Тұрғындарға және шаруашылықтарға 5 мың рулон шөп тасымалданды. Сонымен қатар, 2026 жылға қарай 200 гектар жерге құнарлы жоңышқа тұқымын егу үшін жер дайындалып, қоршауы жасалды. Аталған бағыттағы жобаның жалпы құны – 200 млн теңге.

Екінші бағыт – ауылдық жерде микро, шағын және орта бизнес субъектілерін дамытуға арналған өндірістік кешен салу. Ақтоғай ауылының солтүстік-батыс бөлігінен 1 гектар жер телімі бөлініп, аумағы 520 шаршы метр болатын өндірістік кешеннің құрылысы жүргізілуде. Құрылыс жұмыстарының 90 пайызы аяқталған. Жобаның жалпы құны – 173 млн теңге. Бұл кешен ауылдық тұтыну кооперативі негізінде 10 жеке кәсіпкерді біріктіріп, жартылай дайын өнімдер шығару, тігін пехи, қымыз өндіру, кондитерлік өнімдер, көкөніс консервілеу және қадесый дайындау сияқты бағыттарды қамтитын болады.

Үшінші бағыт – ауыл өнімдерін тікелей қала нарығына шығару. Осы мақсатта Қарағанды қаласында «Ақтоғай өнімдері» атты коммуналдық дүкен ашылды. Ол Бауыржан Момышұлы көшесі, 24/6 мекенжайында орналасқан. Жобаның құны – 15 млн теңге. Қазіргі таңда дүкенде қала тұрғындарына әлеуметтік маңызы бар азық-түлік нарық бағасынан төмен бағамен сатылууда, жоба толық іске қосылған.

Қорытынды

Бүгінгі шындық – кооперацияны тек тіркеумен ауыл дамымайды. Кооператив қаржыға нақты қолжетімді, өнімін өткізе алатын, ауыл адамы сенетін құрылымға айналуы тиіс.

Ол үшін кепілдік мәселесін жүйелі түрде шешу, агробанк немесе тиімді кепілдік механизмдерін іске қосу, ауылда тұрақты әрі нақты түсіндіру жұмыстарын жүргізу, жергілікті биліктің жауапкершілігін арттыру қажет. Агросарапшылар осылай дейді.

Ауыл – мемлекеттің тірегі. Ал ауылды сақтау – кооперацияны «қағаздан» шығарып, «Сапа Mix» секілді кооперативтің санын арттыру қажет. Мемлекеттің де алға қойып отырған міндеті – осы.

Салық және сана: отаншылдықтың жаңа өлшемі

(Соңы. Басы 1-бетте)

Шағын бизнес өкілдері көбіне қағазбасты болып жүрген жағдайда, мұндай тәртіп өндіріс пен қызметке көбірек уақыт бөліп, «декларациямен дай-даулатуға» емес, нақты іске ден қоюға мүмкіндік ұсынады. Арнайы салық режимдері үшке дейін ықшамдалды: өзін-өзі жұмыспен қамтығандар үшін, фермерлер үшін және оңайлатылған декларация.

– Бұрынырақ салық режимдері жаңбырдан кейінгі саңырауқұлақтай көп еді-ау, қазір бәрі анық та қарапайым. Бес бармағымызды бүксек жеткілікті, – деп ескерді қарағандылық кәсіпкер, автосервис желісінің иесі Әсет Келесов. – Жаңа кодекске бізге қорықпай-демікпей ісімізді заңды негізде жүргізіп, жемісін жеуге көлегейге тығылғанша құрал-жабдыкқа салым салуға қол ашады. Мұндай түбегейлі реформа отандық кәсіпкер атаулысының патриоттық сезімін де арттырады. Салықты өтеу – өз балаларың үшін жолдар мен

мектептер салуға үлес қосу деген сөз.

Әлеуметтік салада (білім беру мен медицинада) ҚҚС-тан босату және дәрі-дәрмекке салынатын мөлшерлемені 8%-ға дейін төмендету жергілікті тұрғындарға тікелей әсер етеді. Өндірісті өрісті өңірдегі денсаулық сақтау секторы үнемі алдыңғы шепте тұрғанда (пандемияны еске алайық), мүлтіксіз мүмкіндіктер дәрі бағасын 4-5%-ға арзандатып, емделуді қолжетімді етеді. Тіпті, қала маңындағы ауылдық аймақтарда, отбасын асырап отырған фермерлер үшін шаруа қожалықтарына арналған оңайлатылған режим салықтан 20%-ға дейінгі үнем агроөнеркәсіптің дамуын ынталандырады. Осы тұста «ашықтық жолындағы тұрақтылық» деген қағидат нақты көрініс табады. Кодекске микро және шағын бизнеске сервистік сүйемелдеу тетігі енгізіліп, бейімдеу белдеуінің көкжиегі көрінеді. Енгізіп қана қоймай, олардың жаңа шындыққа ауыртпалықсыз бейімделуіне жол ашады.

Уағындағы есімі әйгі Британ премьер-министрі Уинстон Черчилль бір кездері әзілдеп: «Салық жинай жүріп, бір мезгілде сүйкімді болу – сүйіп жүріп, дана болумен бірдей» демесі бар ма. Қазақстан үшін мұндай әжуа әдепкі деу қиынсыз. Себебі, кодексе үдерісті цифрландыру арқылы «сүйкімді» болмағы парадокс деуден гөрі парасат шешімі деуге саярлық тұжырым. Декларация тапсыруға арналған мобильді қосымшалар, шегерімдерді автоматты есептеу тетіктері енгізілуде.

Базына айтқанға басалқы бар. Бәрі біркелкі емес. ҚҚС-тың өсуі аз қамтылған азаматтардың қалтасына салмақ салуы қадік. Есесіне Үкімет тарабы зейнетақы мен жәрдемақы көлемін арттыру әдісімен өтемақы беруіге уәде етуде (АЕК 4325 теңгеге дейін өсті). Демек, не?

– «Берсеніз, аласыз, ескеніз орасыз!». Өмірдің тепе-теңдік теңгерімі де осыған тірелмек, – деп пікір білдіреді фискалдық саясатқа маманданған тәуелсіз экономист Айгүл Жұмабаева.

– Ұзақ мерзімді басымдықта кодексе қағидаттары экономиканы ынталандырып, жаңа жұмыс орындарын ашуға және халықтың әл-ауқатын арттыруға бағыт сілтейді. Өлгі біз желіде желдей есетін патриотизм ондай болмас. Елжандылық ілкімді іске қосылған нақты үлес!

Сонында, жаңа Салық кодексі – ретті реформа болуымен бір қатарда ойлау машығындағы мәнді өзгеріс. Ғаламдық экономика да «Бүкпесіз салық – тұрақты дамудың кілті» боларлығын негіздейді.

Қазақстандықтар күшіне енген жаңа Салық кодексіне ой үйретіп, бой үйретіп жатқанында көршілесе айыр қалпақты Қырғызстанда өзінің «салықтық ренесансы» төртінші жыл қатарынан өмір сүріп келеді. 2022 жылғы кодексе, 2023 жылғы түзетулері және 2025 жылғы жаңа амнистия. Екі ел де жүйені жеңілдету жолымен келеді. Ерекшелік те жок емес. Қазақстан тарабы прогрессия және өсетін ставкаға мән берсе, Қырғызстан мемлекеті біркелкі салық пен арнайы

режимге көңіл бөледі. Онда бір-ақ келкі 10% жеке табыс салығы, жеңілдетілген арнайы режимдер мен экспорттық жеңілдіктер бар. Басымдық – қарапайымдылық пен әділеттілік, шағын бизнес пен инвестицияға қолайлы орта жасау. Қос ел де ашықтық пен цифрландыруға мән береді. Дала көршілері әртүрлі жолмен жүрсе де, мақсат бір – экономика мен азаматтарға тиімді, әділетті салық жүйесін қалыптастыру.

Қазақстан көмірінің басым бөлігін және мыс қорының елеулі бөлігін өндіретін өңір кен өндіру салығындағы (КӨС – кен өндіруден түсетін салық) өзгерістерді сезеді. Облыста өндірілетін кенге 2026 жылдан бастап, көлемі мен бағасына қарай 18%-ға дейін дифференциаланған ставкасы қолданылады. Бұл кәсіпорындарға салмақ түсіруі ықтимал. Бірақ, тиімділікті ынталандырады: компаниялар шығынды азайту үшін технологияға инвестиция жасайды. Көмір мен металдарға арналған ставкалар тұрақты қалады. Өйткенмен, жаңа кодексе

геологиялық барлау мен амортизацияға кеңейтілген шегерімдер енгізеді. Әсіресе, күрделі жобалар үшін. Сарапшылар жаңа кодексе «жаңа салық мәдениетін» қалыптастыратынын баса белгілейді.

Халық, нарық, салық. Бір-бірінен ажырағысыз ұғымдар. Соны салық жүйесі фискалды тәртіптен қарақоз жұрттың менталитетіне де игі әсер етерлігі әу баста баяндалған-тын. Сол тұсында тұра тұрғай. «Байлық байлықта емес, байлық – білімде» деген мәтел ендігі күнде «Айлық айлықта емес, айлық – ілімде» деген қосымшаны қажет ететіндей. Олай дейтін себебіміз, қалтамыздағы қаражатты меңгеру ілімін жетік үйренбейінше, жай-күйіміз байырғы қазақ фильмдегі балақайдың «ақша деген су ғой!», деп жымиян әулеті көбінен шықпасымыз тағы да айналып келер ақиқат. Салық әлімсақтан бар. Ал, жаңа Салық кодексі – әділет келісімі.

Суреттер МКД-нен алынды

• «ORTALYQ QAZAQSTAN» GAZETINE – 95 ЖЫЛ

Аман Жанғожин: Тағдырым газетпен тығыз байланысты

Жаңа жылмен жарыса, биыл қарашаңырақ, облыстық «Ortalyq Qazaqstan» газетінің де жақсылықтың жаршысы болғанына 95 жыл толып отыр. Ғасырға жуық тарихында басылым аймақ өмірінің айнасына айналып, талай буын қаламгерді тәрбиеледі, өмір шежіресін хаттап келді. Осы жолда газетпен тағдырын тоғыстырған, оның өткені мен бүгінге көпір болып жалғаған ардагер журналистер бар. Солардың бірі – жарты ғасырға жуық ғұмырын баспасөзге арнаған, былтыр ғана сексеннің сегіріне сергек көтерілген қаламгер, ардагер журналист Аман Жанғожин. Біз мерейтой қарсаңында аға буын өкілімен қаламгерлік ғұмыр, газет мектебі және уақыт тынысы жайлы аз-кем әңгіме өрбітіп едік.

– Газетте өміріңіздегі алғашқы жарық көрген материалыңыз есіңізде ме? Ол Сізге не үйретті?

– Неге есте болмасын? Күні бүгінгідей есімде. 1960 жылы Қарағандыдағы №2 казак мектеп-интернатында 8-сыныпта оқып жүргенімде менің екі мақалам жарыққа шықты. Екі басылымда, екі тілде, екі жанрда дейінші. Бірақ оларды бөліп, жармаймын. Жалындаған жастық шағымыз. Гуманитарлық пәндермен қатар жаратылыстану пәндері де қызықтырады. Спортпен шұғылданамыз, боксқа қатыстық, класмызбен түгел дерлік шахмат үйірмесіне барамыз. Мен сол шахматтан ақыры спорт шеберіне кандидат болдым. Қазак-кеңес әдебиетінің классиктері Сәкен Сейфуллин, Бейімбет Майлин, Лияс Жансүгіровтер ақталып, қазақтың мәдениеті мен өнері шарықтау биікке көтерілген шақ. Қазақ әдебиеті пәнінің мұғалімі Мәліш Шәріпова апай (ол кісі бұдан екі жыл бұрын 97 жасында қайтыс болды) оқулықтарға әлі ене қоймаған деректер келтіріп, рухымызды көтеріп қояды. Патриоттық сезім кеудеде лаулайды. Сол жылы дәл 1 мамыр күні американдық ре-активті ұшақ еліміздің шекарасын бұзып, окка ұшқан еді, ал, біраздан кейін совет ғалымдары ауыр ко-рабль – спутникті ғарышқа ұшырды. Осы екі оқиғаны ұштастырып, сурет салып, мынадай өлең шыға-рып, редакцияға жолдадым:

Сен ұштың ұқсап жынды
Көбелекке,
Кезіктің мендей отты кереметке.
Дейді біздің космостық
Корабліміз
Күл болған американдық
самолетке.

Сурет пен бір шумақ өлең сол кездегі облыстық «Советтік Қа-рағанды» (қазіргі «Орталық Қа-зақстан») газетінің 18 мамыр күнгі санында жарк етіп, жария болды. Қуанышымда шек жоқ. Алғашқы табыспен жігерленген мен енді шахмат тақырыбына да мақалалар жаза бастап, алғашқысы сол жылы одақтық «Пионерская правда» га-зетіне шықты. Сөйтіп, ауызданған мен мектепте жүріп-ақ, журнали-стика жанрларына әуестік таныт-тым, ақыры осы әуестік мені 1974 жылы «Орталықтың» құтты шаңы-рағына алып келді ...

– Сіз журналистикаға кел-ген кезең мен бүгінгі уақыттың айырмашылығы неде деп ойлай-сыз?

– Мен мұндай сұраққа бұрын да бір жауап бергенім бар. Соны сол ғана өзгертіп қайталайын. Көзімізді тырнап ашқалы бері білім нәріні тек газет пен кітап беттерінен сіңіретін едік қой. Ол шақтарда бүгінгідей көл-көсір ақпарат ағыны жоқ-тұғын. Газет пен кітап бізге бәрін берді десек болады. Ұтас қауымды

тәрбиелейтін құрал газет пен кітап болатын. Ол кезде журналист шын-дықты бұқара халыққа жеткізіп, ел өміріне айтарлықтай әсер ете ала-тын кастерлі мамандық болатын.

Қазіргі журналистика айтар-лықтай өзгерді. Бір жағынан, тех-нология жаңа мүмкіндіктер берді. Интернет, әлеуметтік желілер, ақпаратқа жедел қолжетімділікті айталық. Екінші жағынан, журна-листиканың алдында кесе-көлде-нең тұрған жаңа қиындықтар да жоқ емес. Жалған жаңалық, сан түрлі мүдделер қақтығысы мен қы-сымы. Бүгінгі журналист гаджете болсын, газетте болсын, ең басты-сы – оқырман алдындағы адалдық пен жауапкершілікті есте сақтауы бәрiнен маңызды деп есептей-мін. Жалпы, бүгінгі журналистика бұрын-соңды болмағандай «тірі» және серпінді болуы қажет. Цифр-лық дәуірде, әр сәт жаңа дерек пен оқиғаны алдыңызға тосатын кезде, журналист өзгеріс пен трендтен хабардар болуға міндетті. Бүгінде интернет жаңалығының тұтас ауди-ториясы 4 миллиардтан асты. Бұл өз кезегінде сандық мазмұнның ерекше маңыздылығын көрсетеді. Бірақ, бұрнағы бейтараптылықпен қатар, журналистикаға арагидік субъективтілік қажет. Журналистің дауысы анық және сенімді болуы маңызды. Жеке пікір, сарапта-малық түсініктемелер және бол-жамдар материалды бірегей және есте қаларлық етеді. Газет пен гаджет қатар жүруі керек. Баспа басылымдары оқиғаларды мұқият және терең талдау арқылы өзектілі-гін сақтайды. Бүгінгі журналистика – бұл ескі және жаңа, баспасөзі мен сандық мазмұнның, объективтілік пен субъективтіліктің симбиозы. Тәжірибе жасаудан қорықпау, ақпа-ратты жеткізудің жаңа формалары мен тәсілдерін іздеу маңызды. Бұл тез өзгеретін әлемде сұранысқа ие және өзекті болып қалудың жолы. Бірақ, сөз бен сенсация арасындағы шек маңызды.

Мен жас журналистерге та-банды және адал болуды тілеймін. Қиындықтан қорықпаңыздар, шын-дықты іздеңіздер және әрқашан қоғам алдындағы жауапкершілікті есте сақтаңыздар. Өз принцип-теріңізге адал болыңыздар, сонда ғана табысқа жетесіздер.

– Быыл біздің газеттің 95 жыл-дық торқалы мерейтойы. Осы басылымның сіздің тағдыры-ңыздағы орны қандай?

– Жоғарыда айтқанымдай, мен газеттегі тәй-тәй қадамымды 1974 жылы бастадым. Содан бері төл басылымнан қол үзбей келемін де-уге болады. Арасында партиялық, мемлекеттік қызметке ауысқанда да баспасөз, тілдерді дамыту сала-сында қызмет атқарып, бұқаралық ақпарат құралдарымен тығыз қа-рым-қатынаста болдым. Оқырманы



1974 жыл. Журналистер Шәмші Қалдаяқовпен бірге «Орталық Қазақстан» газеті редакциясының бұрынғы Чкалов көшесі, 3-үй мекенжайы маңындағы саябақта. Алдыңғы қатарда сол жақтан журналистер Қайыркен Сұлтанов, Аман Жанғожин, Шайхан Жандаев, Шәмші Қалдаяқов, Тілектес Арыстанбекова және редактордың орынбасары Масғұт Халиоллин

болдым, аппаратының қызметкері болдым, әлі де жанашырымын. Тіпті, төселе келе, тәжірибе то-лысқан тұста газеттің өткен-кеткен тарихын жазатын дәрежеге де жет-тім. Оның дәлелі газеттерде жария-ланған көптеген зерттеу мақалалар мен жекелеген қаламгерлер тура-лы суреттеме, очерктер, «Аймақ өмірінің айнасы» (1997 ж.), «Ақпа-рат айдынында (2001ж.), «Сексен жыл халықпен бірге» (2011 ж.), «Токсан жыл топта талғаған» (2021 ж.) жинақтары мен «Орталық Қа-зақстан»: бұрын, кеше және бүгін (2011 ж.) ақпараттық анықтама-лығы. Сондықтан, бұл газетпен менің тағдырым тығыз байланы-сты.

1981 жылы сол кездегі бас ре-дакторымыз, тарих ғылымдарының кандидаты, талай редакторлардың редакторы болған Рамазан Сағым-беков ағамыз кейін осы газеттің тізгінін ұстаған Мағауия Сембаев екеумізді газеттің 50 жылдығы-на арналған мерекелік арнаулы нөмірін шығаруға баулыған еді. Мақетін жасадық, тұңғыш рет офсеттік әдіспен түрлі-түсті газет

шығардық. Мәскеу мен Ленин-градқа іссапарға жіберіп, газеттің алғашқы сандарының фотокошір-месін, басқа да материалдар әкел-генім бар. Содан бері әрбір бес жылда газеттің туған күні – 4 қазан қарсаңында арнаулы нөмір шығару дәстүрімізге берік енді. Енді міне алдымызда – Токсан бес жылдық торқалы той!

Газеттің қатпар-қатпар тарихы бар. Еліміз қандай оқиғаларды бастан кешірсе, соның барлығын газет шежіре қылып жазып, ға-сырдың дәуірнамасын жасады. Басылым – индустриаландыру, ұжымдастыру, саяси қуғын-сүргін, сұрапыл соғыс, тың игеру, алып құрылыстар салу, қайта құру, Қа-зақстанның тәуелсіздігі сынды көп-теген тағдыршешті тарихи оқиға-лардың куәгері. Оның сарғайған беттерін ақтара отырып, қаншама оқиғалар мен адамдарға кездесіп, сол кезеңдерді ой елегінен өткі-зесіз. Осы газетті шығарған жур-налист-қаламгерлердің тағдыры да оңай болмаған. Соғыста қаза бо-лып, жазықсыздан-жазықсыз саяси қуғын-сүргіннің құрбаны болған-

дар бар. Оларды кезінде газет беті-не жариялап, жинақтарға енгіздік те. Бірақ, газеттің тарихын, оны шығарған қаламгерлердің тағды-рын әлі күнге дейін толық анықтап біткен жоқпыз.

Бір-екі мысал келтірейін. Тал-май жүргізген журналистік зерттеу-леріміздің барысында 30-жылдары газетіміздің редакторы болған Сей-ілбек Үсенов деген азаматтың Пет-ропавл қаласына облыстық газет редакторы болып ауысқаннан кейін жазықсыз жапа шегіп, атылғанын анықтадық. Аты шулы «Қарағанды ісі» бойынша газет редакторының орынбасарлары Мұхамеджан Құл-мағамбетов пен Есіркеп Қалымбе-тов те ату жазасына кесіледі. Ха-мит Садықов Жұмабай Орманбасев, Темірғали Нұртазин, Жұмағали Сәрсеков, Пісбек Жұманов, Жұ-мағали Кетіков сынды редакторла-рымыз да түрлі жазаға ұшырады («Ойранды жылдардың оғланда-ры», кітапта: «Токсан жыл топта толғаған»). Кейінгі жазбалардан газеттің негізін қалаушылардың

рекесіне тың материал табу да игі дәстүріміздің бірі.

Өз басым бір-екі адамның тағ-дырына қатысты материалдардың ізіне түстім. Архив қызметкерлері, кейбір шенуніктер кедергі жасама-са оқырман назарына ұсынармын. Архив деп отырғаным, бұрын зерт-теуші журналистерге ешқандай кедергі болмаушы еді. Мемлекет басшысы саяси қуған-сүргін құр-бандарын толық ақтау мақсатын-да мемлекеттік комиссия құрғанда бүкіл құжаттар Президент архиві-не тапсырылыпты. Ал, ондағылар Тәуелсіздіктің елен-алаңында, 1993 жылы шыққан заңға сүйеніп, құ-жаттарды ең жақын туыстарына ғана береміз деп отыр. Біздің заңдар бір-біріне осылай қарама-қайшы келетіні бар. Жарайды, оның да бір жөнін табармыз.

– Сізше «газет мектебі» деген ұғым бар ма? Ол қалай қалып-тасады?

– Иә, ондай ұғым бар. Меніңше, «газет мектебін» бас редакторлар

қалыптастырады, мен ол жағынан тамаша басшыларға тап болға-нымды жасырмаймын. Жоғары-да аталған Рамазан Сағымбеков, партия қызметінде болған Тілеу-хан Жүсіпов, қаһарман Нұрма-хан Оразбековтер менің ұстазым болды. Замандасым Мағауия Сем-бай бір сұхбатында былай деген екен: «Рамазан ағай қаламыма бас білдірді. Дұрыс соқпаққа сал-ды. Нұраған мен Шераған батыл жазуға, тайсалмауға баулыды». Шерағаның қол астында істемесем де, бұл айтылғандарға мен де қосы-ламын, алып-қосарым жоқ.

– Сөз соңында оқырманға ай-тар тілегіңіз?

– Жаңа жыл баршаңызға құт-ты болсын. Ел тыныш, жұрт аман болсын. Ал, газет оқырманынан ажырамай, қоғамға адал қызмет ете берсін.

Сұхбаттасқан
Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН,
«Ortalyq Qazaqstan»
Суреттер «Ortalyq Qazaqstan»
газетінің қорынан

Сапардағы рухани серіктес

Қарағандыда қоғамдық көлік біртіндеп жаңа мәдени кеңістік-ке айналып келеді. Қалалық автобустарда QR-кодтар арқылы электронды кітаптарды бүгінде 30 915 тұрғын оқыған. Бұл туралы «Жол үстіндегі кітапхана» «Книги в дорогу» ак-циясының қорытындысын жари-ялаған қала әкімдігінің баспасөз қызметі хабарлады. Жоба 2023 жылдан бері жүзеге асырылып келеді және оның басты мақсаты – қоғамдық көлікті тек қатынас құралы ғана емес, рухани әрі зия-еткерлік ортаға айналатын. Күн-делікті қарбаласта автобуспен жүрген жолаушыларға уақытты тиімді пайдаланып, кітап оқуға мүмкіндік беру бастаманың негіз-гі өзегіне айналған.



Қазіргі таңда QR-кодтар Қарағанды қаласының 13 бағытында қатынайтын 60 автобуска енгізілген. Атап айтқанда, №1, 5, 19, 33, 40, 41, 43, 53, 56, 65, 70, 118 және 146 бағыттары. Автобус салонында орна-ластырылған кодты смартфон арқылы скан-ерлеген кез келген жолаушы электронды



кітапханаға өтіп, өзіне ұнаған шығарманы тегін оқи алады. Арнайы тіркелу немесе қосымша төлем талап етілмейді, бұл жо-баға деген қызығушылықты одан әрі ар-тыра түскен. Қала әкімдігінің мәліметінше, мұндай формат, әсіресе, жастар арасында кітап оқуға деген ынтаны күшейтіп отыр.

Автобустардағы электронды кітап қоры үш негізгі бөлімнен тұрады: қазақ әдеби-еті, орыс әдебиеті және шетел әдебиеті. Ұйымдастырушылар кітаптарды іріктеу кезінде әртүрлі жастағы әрі әртүрлі кәсіби ортадағы оқырмандардың талғамын еске-руге тырысқан. Сондықтан, электронды сөрелерде классикалық туындылармен қа-тар, шытырман оқиғалы және танымдық шығармалар да бар.

Жалпы алғанда, QR-кодтар арқылы қа-зақ әдебиетінің 21 шығармасы, шетел ав-торларының 14 еңбегі және орыс жазушы-ларының 6 кітабы қолжетімді.

Қазақстан Республикасы Ұлттық кітап-ханасының электронды кітапханасы – КазНЭБ деректеріне сәйкес, жоба іске асқан уақыттан бері шығармаларды қарау саны 30 915-ке жеткен. 2026 жылғы 6 қаңтардағы мәлімет бойынша ең көп оқылған туынды-лардың қатарында Бауыржан Момышұлы-ның «Ұшқан ұя» шығармасы алда тұр – бұл

КІТАП ОҚИТЫН ҰЛТ

кітапты 20 916 адам оқыған. Одан кейін Мұхтар Әуезовтің «Көксерек» шығармасы 5 343 қаралыммен, Ғабит Мүсіреповтің «Ұл-пан» романы 3 591 қаралыммен көш бастап келеді. Бұл көрсеткіштер қазақстандық клас-сикалық әдебиетке деген қызығушылықтың әлі де жоғары екенін айқын аңғартады.

Бүгінде Қарағандыда автобуска мінген әрбір жолаушы тек жол жүріп қана қой-май, рухани сапарға да шыға алады. Ал, 30 мыңнан астам оқырманның тандауы – осы жобаның қоғам үшін өзекті әрі өміршең екенін дәлелдейтін нақты көрсеткіш.

Өз тілшімізден
Суреттерді түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

Ақын, журналист Жәлел ШАЛҚАР – 40 жаста

• ЖАҢА КІТАП

Сартап сағыныш, сарша мұң...

Өз ғасырының портретін жасаған, классик, гений ақындардың кешкен ғұмыры әдебиетші ғалымдардың зерттеу объектісіне айналғалы қашан. Қасиетті поэзияға жүрегінің көзімен үңіле алатын қадірлі оқырманға олардың кешкен ғұмыры да қызықты болса керек. Өйткені, өз дәуірінің жарық жұлдызына айналған, биікке көтерілген тұлғалардың сол жолда еңсерген қиындықтары, қилы тағдыры қашанда қызықты. Соны білу арқылы, тану арқылы ақын шығармаларының қуаты, әсері, болмысы ашыла түседі. Бұны биографиялық әдіс дейді. Оның өмірі мен тағдыры, тәжірибесі, өмірлік көзқарасы шығармаларының басқа да қырларын ашып береді. Шын сыныш алмас қылыштың қаншалықты берік екенін білу үшін оның ұстасын танып, қалай соғылғанын анықтағаны секілді.



Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жақсы ақын болу үшін әуелі жақсы адам, жақсы азамат болуың шарт. Жазуға көңілдің тазалығы керек. Қуатты һәм мөлдір, жанды өлең таза жүрекке ғана қонады. Киелі құс балдырланған көлшікке, шалшыққа қонбайды. Нағыз ақындықтың алғышарты – осы. Мен білетін Жәлел Шалқар осындай.

Қасиетті Инжілде «Әуелі Сөз болды, Сөз Құдаймен бірге болды, әрі сөз Құдай еді» деп жазылған. «Өнер алды қызыл тіл» дейді біздің жұрт. Ал, Құдайдан кейінгі сөздің жаратушысы – ақын. Көңілі тояттап, дүниеге ма-

сайрап, жүрегінен алыстаған адамға өлең қонбайды. Ақын – құндылық атаулыны алғаш болып жарататын тұлға. Бұл – ешкімнің жолына ұқсамайтын, Жаратқан өзі ғана сызып беретін сокпак.

Біздіңше, Жәлел Қуандықұлына өлең жаздырған – сартап сағыныш. Бала кезінде-ақ келместің кемесіне мінген әке мен шешеге деген сағыныш. Кальций дәрумені жетпей, сүйегің қақсаса, асқар тау әкенің, шуақты ананың мейірімі, жылуы, асыл махаббаты жетпесе, жаның қақсайды, жүрегің сыздайды. Сол жаның қым-қуыт тіршілікте өзіне керектің іздеп аласұрады екен, жабығады

екен. Жәлел Қуандықұлының емі – қасиетті өлең. Өлең оған өмірде атақ, мансапқа, абыройға жету үшін емес, сарғайтқан сағыныштың емі болсын деп берілгендей. Өлеңдері шынайы сағыныштан қуат алмаса, сіз бен біз бүгінде Жәлел Қуандықұлы деген есімді естімес те едік. Өзіміз де сағыныш құшағына енгенде өлеңдерін іздемес едік. Біздің де жанымыз ақынның өлеңдерінен керектің тапты.

Сонау Қарақалпақ елі, Беруний ауданының Алғабас деген өлкесінде өмір есігін ашты. Бала шағында-ақ, әке-шешесін жер қойнына тапсырды. Ағалары мен әпкелерінің қамқорлығында қалды. Ес біліп, бұғанасы бекіген шақта Атажұртқа қоныс аударды.

Бірде «енбек демалысында ауылыма барамын. Әбден сағымды», – деген әңгіме айтылды ортамызда. Жәлел ақын «Бақыттысыңдар, ә-ә...», – деді жүзінен мұнның табы байқалып. Біз оның нені меңзеп тұрғанын бірден түсіне қойып, әңгіменің ауанын ауыстырдық. Себебі, ақын жүрегіндегі мұндай мұнның қаншалықты азап шектіретінін түсінеміз. Сол сәтте «Жарты жүрек» деген өлеңінің тағдырын шын мәнінде ұғындық.

«Жаны – бүтін» десе егер сенбе, жалған Бүтін қалған жалғыз-ақ, мендегі арман. Бүгін кешіп жүргенім жарымжан күйі, Жүрегімің жартысы сенде қалған, – дейді. Өлеңін:

Өмір, өмір, ең қымбат алтын олжа,
Оңайлықпен түспейтін нарқы қолға.
«Бүтінделем» деп жүріп, жарты жүрек,

Токтап қалма әйтеуір, жарты жолда, – деп түйіндейді. Мемлекеттік тапсырыс аясында жарық көрген «Алма гүлінің иесі» деген кітабы осы өлеңмен басталады. Осы өлеңінен-ақ ақынның шынайылығын аңдайсыз, сезесіз. Өлең ақынның жан әлеміне шақырып тұр. Әр туынды сағыныш өртің басқан ақ жауынның тамшылары секілді. «Сағыныш» деген өлеңінде:

Кел, бауырым, айт, маған ауыл жайлы,
Одан артық жаңалық табылмайды.

Бұрқыраған борпанды мекен сырын,

Естімесем тынысым ауырлайды, – депті. Артық, жасанды сөз, жасанды тіркес жоқ. Ауылынан келген бауырының алдында балаша қуанған, елжіреген ақынның күйі көз алдыңызға келеді.

«Аңсар» деген өлеңі:
Дес бермей дүрсін дауылға кілең,

Жаңылмай келем сабырдан.

Түсімде ылғи ауылда жүрем,

Ауыл да мені сағынған, – деп басталады.

Жана кітаптың алғашқы беттеріне жайғастырылған «Көсеу», «Туған жер», «Құмдауыт» өлеңдері «Жәлел Қуандықұлына өлең жаздырған – сартап сағыныш» деген әуелдегі сөзіміздің айқын дәлелі.

• ӘРІПТЕС ЖАЙЛЫ ӘҢГІМЕ

Арман тұнған ақ тандар

Жәлел Қуандықұлы екеумізді рухани тұрғыдан жақындастырған «Орталық» еді. Редакцияға қатар келдік. Жайнап жүретін жігіттің айналасы да өзіндей өзгеше болады емес пе?! Жәкеңнің орынды әзілі, жарастықты сыйластығы шіркін-ай, өзіне жарасады да тұрады.

Қасымхан БҮРКІТҮЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қырыққа енді келіп, камал алып жатқан қаламгер азаматтың көрген бейнеті көп. Жалпы, Жәкең әдеби ортаға, Арқа журналист-касына арман арқалап келді. Шын мәнісінде де солай. Жастайынан қаламын серік еткен арманшыл жігіт өзінің сыршыл ақын екенін ешкімге сездіре қоймаған. Қасындағы жігіттерге бас қосқан шақта өзі сүйетін ақындар Төлеген Айбергенов пен Есенғали Раушановтың өлеңдерін дауылдатып, жатқа оқып береді екен. Әдебиеттен хабары жоқ жарандар



«Мектеп қабырғасынан-ақ, Бесқалада туған Төлеген Айбергенов, Өмірзақ Қожамұратов, Есенғали Раушанов, Қалбай Әбдіраман сынды қазақтың аймаңдай ақындарын жастанып оқып, жаттап өсті. Осылайша, туған топырақ, көрген табиғат, өмір сүрген орта, тікелей ақын болмысына әсер еткені анық».

Ғалым ЖАЙЛЫБАЙ,
ақын, Абай атындағы
Мемлекеттік сыйлықтың иегері

поэзияның қымбат құнын қалай бағалай қойсын?! Бар болғаны «Өп бәрекелді!» деп, қошемет қылатын көрінеді. Бұл уақытта Жәлел Қуандықұлы Қарағандының әдеби ортасына танылып қалған жас талант еді. Жас ақын жан-жағына жалтақтамады, арланбады, адалынан еңбек қылды. Мұнымыз Жәлел әріптесіміздің өзінен естіген әсерлі әңгімесіміз еді.

Сөйтіп жүріп, ағалардың алқауымен «Орталыққа» келді. Еңбектің қараторысына айналған Жәкеңнің жауапкершілігі жөне жоғарыда айта кеткеніміздей, жайнап жүретіндігімен ұжымның сүйкімдісіне айналды. Өзі үнемі айтып жүреді: «Арқа бастасөзінің алыбына айналған Мағауия Сембай қабылдаған соңғы кадрмын», деп. «Орталықтың» табалдырығын қалай аттады, шығармашылық қуаты да артты, өлеңдерін

де бұрқыратып жазды, жетістіктерге де жетті. Соның бәріне әріптестері «асыл азаматты, арда ақынды тағдыр алақанына салды-ау», – деп, шын қуанышта болдық.

...Жәкеңнің өлеңдері дәл өзіндей мөлдір. Өйткені, оның жүрегінде туған жер мен әке-анаға деген ұлы сағыныш бар.

«Сен бойдақ, қайбір ыстық тамақ ішіп жүрсің?», – деп, бізді үйіне алып кететін ағалығы бар. Сондай күндердің бірінде ұлы Дидар келіп, әкесіне тосыннан сұрақ қойды: «Әке, досым демалыста ауылына барып келіпті, біздің ауылымыз қайда? Бар ма осы?», деп. Бір минутқа созылған үнсіздік ауылын аңсаған ақынның жанарынан жасты мөлтілдетіп жіберді. Ұлының ұрымтал сұрағы Жәкеңнің тілін күрмеді. ...

Ертеңінде ертемен кабинетіме келген

ақын баласының кешегі сұрағына өлеңмен жауап жазып әкеліпті. Сол өлеңінде бәрі бар: сарғайған сағыныш, оның себебі, тағдырдың тартуы, топырақтың қасиеті мен әке-ананың өсиеті... Шынайы өлеңнің сөйтіп бойымызды шымырлатқаны бар. Осыдан біз Жәлел ақынның нағыз сезім мен тәзімнің ақыны екенін түсіндік. Ақынның ауылы алыста. Қарақалпақстанның Беруниінде. Балдай балалығын қалдырған туған мекеніне әзірге биіктен көз тастап қана жүр. Ол өлең биігінен.

...Біздің Жәкеңнен үйренеріміз көп. Құдай бере саған төрт құлыншағы бар. «Менің бұл өмірдегі ең басты жобам – осылар», дейді. Өлеңі – өзі үшін, ал, өзі – отбасы үшін! Иә, отбасына адал адам Отанның да қадірлейді. Осы тұрғыдан келгенде Жәкеңнің ақылына көп жүгінеміз.

...Жақында ғана мемлекеттік тапсырыспен кітабы шығып, оқырмандарын қуантты. «Алма гүлінің иесі!» Қолымызға ұстағаннан-ақ, алма гүлінің иісімен жұптасып ақын Жәкеңнің саби көңілінің иісі аңқып сала берді.

Иә, ол әдеби ортаға арман тұнған ақ тандардың сағымын арқалап келген. Сондықтан да, оның мөлдір жырларынан ақ тандардың жылы лебі есіп тұрады.

Суреттер кейіпкердің жеке мұрағатынан

• ПОЭЗИЯ

«Өлең деген – жүрегім сел еткен сәт...»

Айна

Айна алдында отырам үнсіз қарап,
Маңдайымның әжімін зілсіз санап.
Өзгермеген секілді ештеңе де,
Сәттер ғана текке өткен құнсызданад(ы).

Көз тастағым келмейді айналаға,
Мұң көрсеткім келмейді қайманаға.
Жымысқы сөз жанымды жауыр қылды,
Алдамайтын осы бір айна ғана.

Өзімді-өзім қараймын танығым кеп,
Жігерімді жасытпай жанығым кеп.
Айна артында бір саби тұрады ылғи,
Бота көзі жәудіреп, жаны гүлдеп.

Өмір қалар, өмірден өтер пенде,
Алып-ұшып сағыныш жетер демде.
Сол айнадан өзімді табамын да,
Сол айнаға айналып кетем мен де.

Екі жағы айнаның жыр-ән сөнді,
Екі дүние сыры ғой кім аңғарды?
Өзін іздеп үңілген жүректердің,
Шын бейнесін айнытпай тұрам мәңгі...

Ақ

Ақ қағазға қайта-қайта телмірдім,
Жанымды аққа сендірдім.
Өмір жайлы жазғым келді бірер сөз,
Қаламымның ұшында ылғи сен жүрдің.

Ақ қағазға қайта-қайта қараймын,
Аппақ бәрі манайды.
Тағдыр жайлы жазғым келді бірер сөз,
Ол да сен боп күлімдедің, арайлым.

Ақ қағазға қайта-қайта үңілем,
Аппақ екен шынымен.
Өлім жайлы жазғым келді бірер сөз,
Өзіңді ойлап, ол ойымнан түңілем.

Ақ қағазға қайта-қайта сүйсінем,
Ақ әлемнен көзіме кеп күй түнер.
Сезім жайлы жазғым келді бірер сөз,
Жаралы үнге тағы жұпар иісің – ем.

Ақ қағазға қайта-қайта телмірдім,
Жанымды аққа сендірдім.
Өзім жайлы айтқым келді бірер сөз,
Қаламымның ұшында ылғи сен жүрдің...

Ай қыз

Қасы қара қарындас ақ күртелі,
Кірпіктерің өңінен бақ бүркеді.
Еш кірбіңсіз келбетің күйге бөлеп,
Қараңғыдан адаспай таптым сені...

Жасқаншақтау жүзіңнен мөлдіреген,
Қауыз жара қоймаған гүлді көрем.
Күннің нұры сінбеген сағағына,
Қылдай нәзік тағдыр-ай үлбіреген.

Көп ішінде ерексің, аппақсың сен.
Ақ боп қалу қашан да жақсы ат білсең.
Қарғам, тәтті қылығың ең ұлы жыр,
Сол табиғи қалпыңды сақтап жүрсең...

Жаттап жүрсең жырымды өзін жайлы,
Мөлдірлігі етер-ді көзінді әйгі.
Бір-ақ сәттік толғаныс, ғұмыры ұзақ,
Тазалығы мәңгілік бұзылмайды.

Жанарына аспанның жас камалды,
Жел де әнекей, бір әнін бастап алды.
Көрініп жүр осылай ай секілді,
Онсыз өмір қараңғы, тас қараңғы...

Алма гүлінің иесі...

Алма гүлдеді,
Алма гүлдеді.
Алманың гүлі арманым ба еді?
Ақ таңда келіп оятқан сезім,
Сол гүл ғой сіре, сағағында емі.

Алма гүлдеді,
Алма гүлдеді.
Жұпарға бөлеп жан-жағым мені.
Сүйсіне қарап жымиған ару,
– Атың кім? – деп ем,
– Алмагүл! – деді.

Гүлдеді алма,
Гүлдеді алма.
Нәп-нәзік қауыз бүрледі таңда.
Сен де кел, баққа ертеңмен күнім,
Сағынышыңмен түрленіп ал да.

Құлағыңды тос жезтаңдай желге,
Тыңдайық балқып есті әнді-ай бірге.
Сексенбе менен Алмагүл қалқам,
Кегім жок менің ешқандай сенде.

«Сияқсыз сезім – сүйіссіз мүлде»,
Дегендер
Бекер тиісті бізге.
Өз құнын ұқса, түрленер ме еді,
Ұзақ жасайтын иіссіз гүлдер?..

Анықтайды әлі күз ақ-қарасын,
Сырларыңды кеп жүз актаразын.
Қысқа бұрымды хош иісіңмен,
Есімде менің ұзақ қаласың...

Алма гүлдеді,
Алма гүлдеді.
Алманың гүлі арманым ба еді?

Ақ таңда келіп оятқан сезім,
Сол гүл ғой сіре, Алмагүл ма еді?..

Жазу

Балалық шақтың дерегің,
Аңсай да іздей беремін.
Баяғы жазу, сол жазу,
Жазумен әлі келемін.

Жаратқан өзің демегің,
Өзіңе ғана сенемін.
Жазудан табам бақ тапсам,
Көресімді де көремін.

Тербесе жанды өрелі үн,
Бәрін де төгіп беремін.
Жазуға келгем өмірге,
Жазылған күні өлемін.

Жазумен әлі келемін,
Жазумен ғана өлемін.
Жазылмай кетсе кей жарам –
Жазуда қалар дерегім...

Қазақстан

Қазақстан – газиз Атамекенім,
Мен барымды мәңгі сендік етемін!
Сонау алыс, бір қиырда тумасам,
Білер ме едім, Отанның не екенін?!
Ұлы Далам – менің ұлы мекенім,
Биік-биік шыңға бастар жетегің!
Отаны жок адамдарды көрем де,
Үнсіз ғана, іштей шүкір етемін!

Антоним

«Көзімді аштым» дегенше,
Жұмып бара жатамын.
Құшағыңда көп ойдың,
Тұнып бара жатамын.

«Жолға шықтым» дегенше,
Қайтып келе жатамын.
Өмір жайлы бір аңыз,
Айтып келе жатамын.

«Өстім, өндім» дегенше,
Шөгіп бара жатамын.
Айтарымды аямай,
Төгіп бара жатамын.

«Өмір сүрдім» дегенше,
Өтіп бара жатамын.
Бабалардың ізімен,
Кетіп бара жатамын.

«Сағынамын» дегенше,
Суып бара жатамын.
Сезімдердің соңынан,
Қуып бара жатамын.

«Үйренемін» дегенше,
Кері кетіп барамын.
Жүрегіме сабырды,
Серік етіп барамын.

«Толдым, жеттім» дегенше,
Іріп бара жатамын.
Топыраққа айналып,
Шіріп бара жатамын...

Марданменен марқайып тойға барам,
Елдің жайын, жұрт қамын ойға да алам.
Жал жығылмай, жадырап жүрсем дағы,
Арпалысып жатады бойда ғалам.

Достарыммен қауышып мәз боламын,
Жұпар желін жұтамын боз даланың.
Көз көргеннің көңілін бағып жүріп,
Сезбей қалам жанымның маздағанын.

Қызық қуып, сезімді өртеп болсақ,
Бізді күтер еліктеп, ерке еткен шақ.
Өмір деген – өлеңді іздеп жүру,
Өлең деген – жүрегім сел еткен сәт.

Сәттер кейде селкеусіз сыр айтады,
Дөптер кейде бос қалып, мұнайтады.
«Анау, аған ішіп жүр» дейді жемген,
Неге ішеді, себебін кім айтады?..

Дымды сезбей, жадырап жүру үшін,
Еш алаңсыз, шалқып бір құлу үшін.
Айтыңдаршы адамдар, қайтпек керек,
Мына өмірді уайымсыз сүру үшін?!

Жарқылдайтын кезімде көнеремін,
Аспан тағы бұзды екен неге ренін?
Манай түгел ұйқыда, балқып жатар,
Мен нәліктен кіл мұңға бөленемін?..

Мен бір ойымн, түбінде іске асамын,
Түспесе екен, әйтеуір, ішке сағым.
Жан-жағымда анталап біреулер жүр,
Бес күндіктің ыңылдап бітпес әнін.

Мың күйгенім бар болар, бір сүйгенім,
Түк демеймін, сезсем де, шын түйерім.
Шалқып келіп, құлаймын төсегіме,
Сыздап шығар түнімен бір бүйрегім...

Жәлел ҚУАНДЫҚҰЛЫ



Біз үшін Гиппократ еді

Медицинаның атасы Гиппократтың «Өзінді дәрігерлік өнерге баулыған жанды ата-анам деп біл!» деген сөзі бар. Осы тұжырымға тоқталсақ, 6 қаңтар күні жер бетіндегі сапарын аяқтап, мәңгілік мекеніне көшкен Құсни Өменұлы Елеуов ағамыз соңғы алпыс жылдың мұғдарында Қарағанды медицина университетін тәмамдаған, соның ішінде ортопедия мамандығы бойынша білім алған дәрігерлердің қамқоршы әрі қатал сыншы «әкесі» болды. Оған шәкірттері «Сталин» деген жанама есім қойған еді. Қаталдығына қарай емес, тура жолдан таймайтын табандылығына, ақиқатты алдаспандай кесіп айтатын турашылдығына, лауазым иелеріне жалбақтамайтын принципшілдігіне орай. Ол дәрігерлік, оның ішінде оташылық мамандықты таңдағандарға, ең алдымен өзіне қатаң талап қоятын және осы тәртіп жолынан табан аудармайтын.

Еліміздегі теңдесі жоқ медициналық кәсіпорын Қарағанды жарақат және ортопедия орталығы құрылуына профессор Х.Ж.Мақажанов бастамашы болса, оның қалыптасуына А.К.Керопьян, Ө.Мәдікенов, Қ.Елеуов сияқты оташы дәрігерлер өлшеусіз үлес қосты. Әсіресе, Құсни Өменұлы шәкірттеріне теориялық білім берумен шектелмей, практикалық жұмысқа қатыстырып, іс жүзінде мықты маман болып шығуына ықпалын тигізді. Өзі бірегей ота жасап мындаған жанды ажал аузынан суырып алды, өмір бойы мүгедек болудан сақтап, жарық дүниенің қуанышын сыйлады.

Құсни Өменұлының кандидаттық және докторлық диссертациялары жеке басына ғылыми дәреже мен мәртебе әкеліп қана қойған жоқ, адамдардың тағдырына оң ықпал жасады. Жүздеген мақаласы мен монографиясындағы іс-тәжірибесі, патенттелген жаңалықтары қазіргі күндері отандық ортопедияда кеңінен қолданылады. Осының өзі профессор Қ.Елеуовтің тіршіліктегі ісі одан әрі жалғаса беретініне нақты дәлел.

Адамдардың өмірі мен денсаулығына, көңіл-күйіне жауапкершілікпен қарайтын ағаның болмыс-бітімі адамгершілік пен әділдіктің, салауаттылық пен парасаттылықтың эталоны тәрізді еді. Құсни Өменұлы әріптестеріне қандай құрметті болса, қызметтен тыс ортада дос-жарандарына сондай сыйлы, отбасына қамқор да құрметті, қазақтың азаматы міне осы деп



көрсететіндей тұлға болатын. Сүйікті жары Мәриям Кенжебайқызы да медицина маманы – дәрігер-офтальмолог және өз ісінің хас шебері. Өулеттің қара шаңырағына ие болып отырған ұлы Талғат, келіні Қарлығаш, немерелері Әйгерім мен Әлихан Мәриям жеңгеміздің басшылығымен Құсни аға қайтпастың кемесіне мінгенше қалтқысыз қызмет көрсетті. Сүттей ұйыған бұл отбасының барлық мақсат-мұраты орындалады, ағамыздың аруағы ұрпақтарын желеп-жебей береді деген сенімдеміз.

Халқымыз «Орнында бар оңалар» дейді ғой, соңында есімін әйгілейтін ұрпақтары мен туған-туыстары, тіршіліктегі ісін жалғастыратын шәкірттері мен іні әріптестері, отандық медицинадағы ғылыми мұрасы мен ашқан жаңалықтары барда Қарағанды жарақат және ортопедия орталығының негізін қалаушылардың бірі, медицина ғылымдарының докторы, профессор Құсни Өменұлы Елеуовтің есімі өшпейтініне, ісі жалғаса беретініне күмән жоқ.

Зарқын ТАЙШЫБАЙ,
Отан МАҚЫШЕВ,
Ермек БАЛТАШҰЛЫ
марқұмның туыс інілері

Құсни Өменұлы ЕЛЕУОВ

6 қаңтар күні Қарағанды облысының беделді травматолог-ортопед дәрігері Құсни Өменұлы Елеуов 91 жасына қараған шағында дүниеден озғаны туралы профессор Х.Ж. Мақажанов атындағы көпбейінді ауруханасының ұжымы қайғыра хабарлайды.

Құсни Өменұлы Елеуов 1934 жылы 12 наурызда Қарағанды облысының Егіндібұлақ (қазіргі Қарқаралы) ауданында шаруа отбасында дүниеге келген.

1952 жылы Қарағанды облысының Егіндібұлақ ауылындағы қазақ орта мектеп-интернатын бітірген. 1958 жылы Қарағанды институтының емдеу факультетін ойдағыдай аяқтағаннан кейін «Комсомольский» учаскелік ауруханада бас дәрігер болып жұмыс істеді. 1959 жылдан бастап, оның барлық еңбек қызметі травматология және ортопедия клиникасымен байланысты болды. Ол дәрігер ординатор болып жұмыс істеп бастады. 1960 жылы Травматология және ортопедия бөлімшесінің меңгерушісі болып тағайындалды.

Құсни Өменұлы травматология және ортопедия клиникасының алғашқы ұйымдастырушысы болып, оның ғылыми практикалық орталық ретінде қалыптасуына айтарлықтай үлес қосты. Бөлім меңгерушісі болып жұмыс істей жүріп 1971 жылы «Жілініштің төменгі үштен бірінің буынын емдеуге сүйек аутопластикасы» тақырыбында кандидаттық диссертациясын сәтті қорғап шықты.

Қ.Ө.Елеуов ұзақ уақыт бойы кафедра меңгерушісі профессор Х.Ж.Мақажановтың бақыла-

уымен жұмыс істеп, травматология және ортопедия саласындағы ірі маманға айналды. 1974 жылы сайыс бойынша травматология және ортопедия кафедрасының ассистенті болып тағайындалды. 1988 жылы доцент, ал 1993 жылдан бастап ҚММИ ғылыми оқу өндірістік бірлестігінің профессоры және басшысы болып тағайындалды. Қ.Ө.Елеуов дербес ғылыми зерттеулерге бейімділік пен қабілеттілік көрсетіп, нәтижесінде 1992 жылы Самара мемлекеттік медицина институтының мамандандырылған кеңесінде «Жамбас мойнының варус деформациясы бар науқастарға хирургиялық түзету және медициналық оңалту» тақырыбында медицина ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін диссертация сәтті қорғалды.

Қ.Ө.Елеуов травматологтардың ғылыми қоғамдық отырыстарында, конференцияларда баяндамалармен демонстрацияларға белсене қатысты. Ол тәжірибелі травматолог хирург, тірек-қимыл аппараттарында әртүрлі қалпына келтіру оталарын жүргізді. Өнертапқыштықпен, рационализациямен айналысты. Сонымен қатар ол – 70-тен аса жарияланымдардың, бір монографияның, екі оқу әдістемелік құралдарының авторы. Күйік бөлімшесінің меңгерушісі К.Р.Абугалиевтың «Терең термиялық күйіктерді хирургиялық емдеудегі озондалған аутокабат» тақырыбындағы кандидаттық диссертациясын басқарды. Оның көптеген шәкірттері ТМД-ның емдеу мекемелерінде ғана емес, сонымен қатар шет елдерде жұмыс істейді.



Қ.Ө.Елеуов денсаулық сақтау органдарына үлкен консультациялық диагностикалық және емдік көмек көрсетті.

Қоғамдық өмірге белсенді қатысты. 1975 жылы №150 сайлау округінен Қазақ КССР Қарағанды облысы Киров аудандық депутаттар кеңесінің депутаты болып сайланды. Ұлы Отан соғысының Тыл еңбеккері. Қ.Ө.Елеуов еңбек сіңірген еңбек медальдарымен, Құрмет грамоталармен, дипломдармен марапатталған. 1984 жылы «Денсаулық сақтау үздігі» белгісі берілді. «Еңбек ардагері» медалімен марапатталған. 2010 жылы 1941-1945 жж. «Ұлы Отан соғысына – 65 жыл» медалімен марапатталды. 2011 жылы «Қазақстан Республикасына – 20 жыл» медалімен марапатталды.

Профессор Х.Ж.Мақажанов атындағы көпбейінді аурухананың әкімшілігі мен ұжымы, Құсни Өменұлының туғандары мен жақындарының қайғысына ортақтаса отырып, көңіл айтады.

№8



Eske alu

Қасиетті Қарқаралы топырағында дүниеге келіп, бүгінде Астана қаласында ғұмыр кешкен, адал болмысымен елге сыйлы, айналасына мейірім шауғын шашқан, жақынына жанашыр, досына тірек бола білген асыл азамат **Сағынбек Ерлан ӘРМИЯҰЛЫНЫҢ** бұл фөни жалғаннан өткеніне қырық күн толып отыр.



Ерлан – өмір жолында адамдықтың ақ жолынан айнымай, еңбегімен, парасатымен, кең жүрегімен көптің құрметіне бөленген жан еді. Ол отбасы үшін асқар тау, балалары үшін арқа сүйер тірек, ағайын-туысқа қамқор, дос-жаранға адал серік бола білді. Өмірінің әр сәтін ізгілікке, елге қызмет етуге арнаған азаматтың жарқын бейнесі оны таныған жандардың жүрегінде мәңгі сақталады.

Осы қасіретті сәтте марқұмның жары мен балаларына, туған-туыстары мен барша жақындарына тағы да қайғырып көңіл айта

отырып, асыл азаматты еске алу ретінде төмендегі өлең жолдарын арнаймыз.

Еске алу жыры

Міне, тағы жоғалттық бір жақсыны,
Ажал алды арыстай тұлғамызды.
Еске аламыз ұстаз, іскер, дос болған,
Сағынышпен Сағынбеков Ерланды біз.
Жарына адал, баласына асқар тау,
Бір өзінде мысы болған патшаның,
Жомарттығы көпке пана, қамқор боп,
Талай игі іс қалдырдың артта, асыл-ау.
Еңбегің сенің сіңді ел мен жеріне,
Жақсылықтың ізін қалдырдың елінде.
Жары қалды, үш бала мен жиенің,
Жасын сүртіп, үнсіз отыр жеңіне.
Досқа адал, аңқылдық ең, кең едің,
Барсаң болды, жарқырап қарсы алатын едін.
Жарқын бейнең жүрегімізде мәңгілік,
Еске аламыз, жан сыздап, көңіл түсіп.
Қарқаралы – қастерлі туған жеріңді,
Ардақтадың тау-тасын, өзен-көліңді.
Спорт пен өнерге әркез қолдау көрсетіп,
Жеткіншектер пір тұтты өзінді.
Бұл ғұмырда мол абырой жинадың,
Бақұл болғын, серік болсын иманың.
Жаның сенің жәннатта болсын мәңгілік,
Амал қанша, бұл фәниге сыймадың.

Еске алушылар: **Серікбек – Майра, Нұрлан – Перизат, Маржан, Алмат – Гүлнара, Ардақ, Максат – Эльвира, Ержан – Жанат, Самат – Айжан, Талғат – Назгүл, Жәнібек – Лаззат, Максат – Бағлан, Маржан, Марзия, Бақытгүл, Мейрам – Айгүл, Қуатжан – Роза, Данияр – Гүля, Бейбіт Б., Елубай – Сандұғаш, Талғатбек – Марал, Дәулет – Махаббат, Дархан – Майгүл, Ерлан – Алия, Сабыржан – Айгүл, Азамат – София, Нұрлан – Қарлығаш, Максұт – Гүлшат, Д.Талғат – Назгүл.**

P.S. Марқұм Сағынбек Ерлан Әрмияұлының қырық күндік асы 2026 жылғы 17 қаңтар күні, сағат 15:00-де Астана қаласы, Қобыланды батыр көшесі, 3, «Ақмешіт» мешітінің хатымханасында өтеді.

№10



Eske alu

Бірімізге ардақты әке, асыл жар, бірімізге қимас бауыр, қамқор ата, адал дос **Сағынбек Ерлан ӘРМИЯҰЛЫ** 2025 жылдың 9 желтоқсанында өмірден өтті.

Әкеміз 1968 жылы 6 маусымда Қарқаралы қаласында, Әрмия ағамыз бен Мәкім әжеміздің шаңырағында дүниеге келген. Білімнің қарашанырағы Қарқаралы қаласының №1 қазақ орта мектебінде оқып, жастайынан оқуда озат болып, білімге құштарлығын байқатты. Одан кейін Қарағанды Мемлекеттік университетін «математика және информатика» мамандығымен аяқтап, өзі білім алған №1 қазақ орта мектебінде ұстаздық қызмет атқарды. Әкеміздің жалындап тұрған жастық шағы еліміздің тәуелсіздік алып жатқан өтпелі кезеңіне түспә-түс келді. Сол бір қысылтаяң шақта дағдарып қалмай, Қарқаралыда алғашқылардың бірі болып кәсіп ашты, туған жеріне қызмет етті.

Кейіннен шаңырақ көтеріп, ұш балаңын ардақты әкесі атанды. Балаларының болашағы үшін жас қала Астанаға жол тартып, өмірінің бір бөлігін сол жерде өткізді.

Тіршілігінде адамгершілігі мол, қарапайым, досқа адал болды. Үлкенге құрметін, өзінен кейінгі жастарға ізеті мен қолдауын аямады. Анасы, жұбайы мен балаларына, туыстарына қамқор, жан-жағына мейірімді азамат еді. Балаларына адалдықты, ата-ана мен үлкенге, айналасына құрмет көрсетуді, әрқашан қарапайым және білімге құштар болуды, болашаққа ұмтылуды үйретіп, өсиет етіп қалдырды.

Біз сізді сағынамыз, мейірім тұнған келбетіңізді жүрек төрінде сақтап өтеміз. Жаныңыз жәннатта, жатқан жеріңіз жайлы болсын, қымбатты әке!

Амал қанша, әрқашан қорған болған
Әкем менің – асқар тауым құлады.
Әр күніміз сағынышпен өтуде,
Жүрегіміз жан әке деп соғады.
Өзің берген тәрбие өмірге азық,
Жолымызда адастырмас Темірқазық.
Әке – мәңгі тірі жүрек түпкірінде,
Қамқорынмен қатайды қанатымыз.
Сабырлы едің, кенпейілді, салмақты,
Жылы жүзді, әрбір сөзің ардақты.
Торқа болсын топырағың, әкешім
Сағынумен тағы, міне, таң атты!

P.S. Ардақты әкеміз Сағынбек Ерлан Әрмияұлының 40 күндік асы Астана қаласы, Қобыланды батыр көшесі, 3, «Ақмешіт» мешітінің хатымханасында 2026 жылдың 17 қаңтар күні сағат 15:00-де беріледі.

Еске алушылар: **жұбайы мен балалары, жиен-немересі және туыстары.**

№6



Электрондық пошта:
ortalys.kaz@mail.ru



Жаңалық әрқашан жаныңызда!

https://ortalys.kz/

Марал Иманқызы ТОМПИЕВА

2026 жылдың 4 қаңтарында ҚР білім саласының Құрметті қызметкері Марал Иманқызы Томпиева өмірден өтті. Ол Қарағанды қаласында 28.12.1952 ж. дүниеге келген. Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды Мемлекеттік университетін бітірген (1974 ж.). Мамандығы – орыс тілі және әдебиеті пәнінің мұғалімі. Еңбек жолын 1974 жылы Жезқазған облысы Ақадыр ауданы Ақшатау кентіндегі В.И. Ленин атындағы орта мектебінде бастаған. 1980-1999 жж. – Ақадыр кентіндегі Ю.А. Гагарин атындағы орта мектебінде мұғалім, кластан және мектептен тыс тәрбие жұмысын ұйымдастырушы, мектеп директорының оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі бірінші орынбасары болып жұмыс істеді. Көп жылдар бойы жинақталған педагогикалық жұмыс тәжірибесі мен оқыту саласындағы жетістіктері Ақадыр аудандық және Жезқазған облыстық газеттерінде жарияланған.

1999-2012 жж. – Қарағанды облыстық мұғалімдердің білімін жетілдіру институтында тілдер жөніндегі әдіскер қызметін атқарды, облыс бойынша орыс тілі және әдебиеті пәні мұғалімдерінің оқыту жұмысына жетекшілік етті. Кафедра аға оқытушы атағына ие болды. Сол жылдары бірталай әдістемелік еңбектер жарық көрді, атап айтқанда: - «Портфолио» - оқушылардың білімін бағалау тәсілдерінің бірі; - Дінтану сабақтарын ұйымдастыру және жүргізу жөніндегі әдістемелік ұсыныстар; - Оқушылардың орфографиялық білімдерін дамыту. Сонымен бірге Институттың әдістемелік жинақтарын шығаруына үлкен үлес қосты. Еңбегі бағаланып, кафедра доценті деген атақ берілген.

1992-1993 жылдары Жоғары санатты орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі және «Әдіскер-мұғалім» атағы берілді. 1995 ж. «ҚР оқу-ағарту ісінің үздігі» төсбелгісімен, 2009 жылы «Қазақстан Республикасының білім беру ісінің Құрметті қызметкері» белгісімен марапатталды.

Марқұмның жатқан жері жайлы, топырағы торқа болсын!

Туыстары, достары

№9

«Ардагерлер ұйымы» республикалық қоғамдық бірлестігінің Қарағанды облыстық, қалалық және аудандық кеңестері еңбек ардагері, ортопед дәрігер, медицина ғылымдарының докторы, профессор

Құсни Өменұлы ЕЛЕУОВТИҢ

қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасына, туған-туыстарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

«Ардагерлер ұйымы» республикалық қоғамдық бірлестігінің Қарағанды облыстық, қалалық және аудандық кеңестері еңбек ардагері, облыстық ардагерлер кеңесі төрағасының бұрынғы орынбасары Жазыкен Томпиевке әйелі

Марал ИМАНҚЫЗЫНЫҢ

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Қарағанды облысы әкімінің аппараты персоналды басқарудың және адами ресурстарын дамытудың бірыңғай қызметінің бас инспекторы Ирина Михайловна Кершманға орны толмас ауыр қаза әкесі

Михаил Михайлович ГЕРУСТИҢ

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

43-21-55

Жарнама бөлімінің байланыс телефоны

• ТҰСАУКЕСЕР

Жұпар аңқыған жыр кітабы

Кеше Арқаның алтын сандығы атанған «Сауағқа» телеарнасының таңғы бағдарламасында ақын, әріптесіміз Жәлел Шалқардың «Алма гүлінің нісі» атты поэзия кітабының тұсауы кесілді. Тікелей эфирде тұсауы кесілген жаңа кітап поэзия сүйетін оқырманның олжасына айналары анық.



Қасымхан БҰРҚИТҰЛЫ, «Ortalyq Qazaqstan»

Көрермендеріне көркем шуақ сыйлайтын «Сәлем Қарағанды!» таңғы бағдарламасында сыршыл ақын кітабының тұсауын рухани ағалары белгілі публицист, «Ortalyq Qazaqstan» газетінің бас редакторы Ерcін Мұсабек пен ақын Руслан Нұрбай кесіп, жинақтың оқырманның қолында тозуына тілек білдірді. Қаламгер ағалары ақынның азаматтық болмысы, шығармашылық қуаты жөнінде тоқталды. – Тәуелсіздікпен бірге Өзбекстан, Қытай, Моңғолиядан келген қандастармен қоса қаймағы бұзылмаған қазақтың поэзиясы, әні, күйі, өнері көшіп келді. Сол көшпен Шығыстың мөп-мөлдір сарынын алып, Қарақалпақ елінен ақын Жәлел Қуандықұлы да келген болатын. Қарақалпақ жері мен Кенимех өңірі – Төлеген, Өмірзақ, Есенғали сынды дүлдүлдерді туғызған киелі мекен. Арқа топырағы Жәлелді құшақ жая қарсы алды. «Бота», «Жыр-Жауһар» орталықтарында жүріп шыңдалды. «Құмдауыттан» кейінгі «Алма гүлінің



иісі» бұрқырай берсін! – деді ақын, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Руслан Нұрбай. Бағдарлама ұжымы ақынға тосынсый жасап, ақын, халықаралық «Алаш» сыйлығының иегері Жарас Сәрсек пен Қарақалпақстан автономиясы, Беруни ауданы, Алғабас ауылындағы №44 казак орта

мектебінде ақынға сабақ беріп, сынып жетекшісі болған белгілі педагог Гүлстан Әмірованың бейнеқұттықтауы көрсетілді. – Алдымен, оқырман қауымға жаңа кітап құтты болсын! Жәлел бауырды өзінен бұрын өлендері арқылы таныдым. Сыртынан тілеулес болып жүрдім. Бірде сапарлас болып, ақынға жат мүлдем баска салада еңбек етіп жүргенін естіп, қарашаңырақ «Орталық Қазақстан» газетіне жұмысқа алып келдік. Сыршыл сағынышқа толы, мөлдір өлендерін жақсы көреміз. Жәлелді Арқаға алып келген Тәуелсіздікке мың алғыс. Қандастар қазақ өнеріне тың серпіліс алып келді. Өйтпесе, алма өспейтін Арқада «Алма гүлінің нісі» деген өлең жазыла ма? Құрылысқа құм таппай жүргенде Жәлел «Құмдауытты» жазып жатты. Қарағандыда қандастармен келген үлкен қасиет бар. Серік Ақсұңқарұлы ағасының үмітін ақтаған қуатты толқынның ішінде Жәлел де бар. Мол шығармашылық табыс тілеймін. Өлең өлмесін, талай дүниелер күтеміз! – деді «Ortalyq Qazaqstan» газетінің бас редакторы, Ерcін Кәрібайұлы. Бағдарлама соңына қарай күтпеген жерден анасының орнындағы жанашыр жеңгелері Эльнура Бекмаханова мен Гүлстан Жасыбаева эфирге кіріп келіп, шашу шашып, ақынның иығына шапан жапты. Жеңгелері ақынды «Ақжігіт», «Кіші бала», деп еркелететіндерін, әулет болып үміт артатындарын айтып, жылы лебіздерін жеткізді. Сондай-ақ, ақынның сөзіне жазылған композитор Наурызбай Бейсекеевтің «Хабарлама» атты әнін әнші, актер Айдос Нұрмағамбетов орындады. Ақын Жәлел Қуандықұлы мемлекеттік тапсырыс аясында жарық көрген су жаңа кітабынан өлендер оқып, телеэкран алдындағы көрермендерге жырдан шашу шатты. Мерейі өсіп, мейманасы тасыған ақын Жәлел Шалқар үнемі шығармашылығына қолдау көрсетіп жүретін «Сауағқа» телеарнасының ұжымына, бағдарлама редакторы Айлана Бегалиқызына алғасыз алғысын білдіріп, жаңа жинағын қолтаңбасымен тарту етті.

Суретті түсірген Александр МАРЧЕНКО

• ХОККЕЙ

«Ертіске» есе жібермеді

Қарағандылық «Сарыарқа» хоккей клубы жылды сәтті бастады. Өз алаңында павлодарлық «Ертісті» қабылдап, қос кездесуде де жеңіске жетті. Жерлестер бірінші ойында қарсыластарын 11:3 есебімен жеңсе, қарымта кездесуде 8:2 есебін тіркеді.

Ербол ЕРБОЛАТ, «Ortalyq Qazaqstan»

Статистикаға сүйенсек, қос команда былтыр төрт мәрте кездесіпті. Нәтижесінде, барлық кездесу жерлестердің пайдасына шешілген. Алғашқы кездесудің бірінші айналы-

мында-ақ алаң иелері қарсылас қақпасына қатарынан бес шайба тоғытты. Ал, таймның аяқталуына бірнеше минут қалғанда павлодарлықтар бір шайба салып, жауап қайтарды. Есеп – 5:1. Екінші айналымда жерлестер тағы да қатарынан төрт шайба салып, ойын тағдырын осы жерден шешіп-ақ тастады. Десе де, қарсыластар бұл жолы да үнсіз қалмай, бір шайбамен жауап қайтарып үлгерді. Осылайша екінші айналым 9:2 есебімен тәмам. Ал, шешуші кезеңде жерлестер екі шайбамен шектелді. Бұл жолы да қарсыластар үшінші шайбасын салып, ойынды осы жерден аяқтады.

Қарымта кездесуде де қарағандылықтар қарсыластарының адымын аштырмады. Осылайша жерлестер үш айналымның қорытындысы бойынша 2:0, 2:1, 4:1 есебімен жеңіске жетіп, турнир кестесінде ұпай еселеді. Қазіргі уақытта «Сарыарқа» турнир кестесінде үздік үштіктің қатарында. Нақты айтсақ, елордалық «Nomad Astana» хоккей клубымен нық тірестіріп келеді. Жерлестер 38 ойын өткізіп, еңшісіне 61 ұпай жазған. Ал, елордалықтардың қоржынында – 63 ұпай. Алда әлі де маңызды ойындар бар. Қысқасы, чемпиондыққа талас енді қызға түскендей...

• ЕЛ ІШІ – ӨНЕР КЕНІШІ

Көпшіліктің көзайымы

Өмірге келген соң, әр адам бойындағы талантын, мұратын табуға талпынады, мән іздейді. Сол бойындағы мөлдір бұлақтың бастауын табу жолында бірден үлкен ерліктерге, үлкен істерге бару шарт емес. Бәрі қарапайым дүниелерден басталады. Мәселен, Саран қаласының тұрғыны Виктория Лаппа әр жаңа жыл мейрамы қарсаңында үй пішінінде тоқаш пісіреді. Бір қарағанда назар аударып, таң қаларлықтай қабілет емес. Бірақ аспаздың тоқашы әлеуметтік желіде мыңдаған қаралым жинап, өңір тұрғындарының көзайымына айналды. Бұл жасаған еңбегінің үлкен, не кішілігі емес, нені болса да махаббатпен, шын пейілмен жасағаның маңызды екенін көрсетеді.

Ерік НАРЫН, «Ortalyq Qazaqstan»

Виктория Лаппа – төрт баланың анасы. Қыл қаламмен сурет салатын өнері де бар. Биылғы мерекеге карамельді терезелі немесе

заманауи А-frame үлгісінде жасалған екі қабатты үйдің пішінінде тоқаш пісіріпті. Викторияның айтуынша, бұл идея аяқ асты пайда болған. Жаңа жыл алдында ол қалалық стадион аумағындағы ғимарат қабырғасын



тапсырыспен бояп жүрген.

– Сол сәтте «неге біздің Мәдениет үйімізді тоқаш түрінде жасап

көрмеске?» деп ойладымыз. Балалар бұл ойды бірден қолдап, қуана-қуана пісіріп, бірге жинадық. Эскизді

өзім жасағаныммен, бөлшектерін қамырдан қолмен қиып шықтым. Құрастыру оңай болды. Әдетте бір бөлшегі екінші бөлшекке жапсарласпай құлап, қиындықтар туындайтын. Бұл жолы бәрі оңай жасалды. Тек шатыры сәл сырғып кетті. Оны глазуурмен тез бекіттік, – деді Виктория. Аспаз әрі суретші ретінде ерекше тоқаш пісірудің құпиясын бөлісті. – Ең маңызды кезең – жақсы күйдірілген қант дайындау. Қант пен дәмдеуіштерден (зімбір, даршын, қалампыр) дайындалған карамель, оған лимон қабығы мен шырыны қосылады. Кейін бал, сары май, жұмыртқа, ас содасы мен ұн араластырылады. Нақты

өлшемдер жоқ. Ингредиенттер дәмі мен қоюлығына қарай интуитивті түрде араластырылады. Глазуур дайындауға жұмыртқа ақуызы, қант ұнтағы және лимон шырыны керек. Қоюлығын жасайтын өніміне қарай реттейді. Қою глазуур бөлшектерді біріктіруге қажет болса, сұйығы қабырғалар мен терезелерді өрнектеуге қолданылады, – деді аспаз. Үй пішіндес тоқашты пісіру мен құрастыру процесін аспаз үнемі бейнетаспаға түсіреді. Биылғы контентін өңірдегі бірнеше паблик бөлісіп, мыңдаған қаралым жинапты. Аспаз «әр пабликте жарияланған бейнеролигімізге жағымды пікірлер жазылғанын көріп, қуанамыз», – дейді.

• БӘРЕКЕЛДІ!

Өспен өрендері ерледі

Быттыр жыл соңында Қарағандыда ұлы ойшыл, кеменгер ақын Абай Құнанбайұлының туғанына 180 жыл толуына орай дзюдо, самбо және қазақ күресінен Азия кубогы өткен болатын. Байрақты бәсекеге ел спортшыларынан бөлек, Ресей, Өзбекстан, Қырғызстан, Тәжікстан және Грузия елдерінен жасы 35-тен асқан 300-ден астам спортшы өнер көрсетті. Аталған жарыста Шет ауданына қарасты Өспен ауылының азаматтары жоғары нәтиже көрсетіп, бірдеше спортшы жүлдегер атанды. Күні кеше жүлде алған сол спортшыларды аудан әкімі Мұхит Мұхтаров арнайы қабылдап, сый-сияпат тарту етті.



Ербол ЕРБОЛАТ, «Ortalyq Qazaqstan»

Мұхит Мұхтаров спортшылардың еңбегін ерекше атап өтіп, олардың жеңісті жолын жастарға үлгі ретінде көрсетті. Сондай-ақ, бірқатар спортшыны «Жылдың үздік спортшысы» аталымы бойынша марапаттады. – Ардагер аға буыннан бастап, өскелең жас спортшыларымыз өткен жылы көптеген байрақты бәсекелерде топ жарып, ауданымыздың, өңіріміздің, еліміздің абыройын асқақтата білді. Бұл, әрине, біз үшін үлкен жетістік, үлкен қуаныш. Әрбір жеңіс, әрбір медаль – бұл өлкеміздің ғана емес, егемен еліміздің мерейлі мәртебесі әрі үлкен спортқа қадам жасап келе жатқан жастарға жақсы үлгі-өнеге деп білемін. Осы орайда, саналы ғұмырын осы салаға арнап келе жатқан ардагер спортшыларымыз бен ұл-қыздарымызды жаттықтырып жүрген бапкерлерге шынайы алғысымды білдіремін. Мықты және өмірге құштар жас ұрпақты тәрбиелеу – еліміздің әлеуметтік саясатының негізгі міндеттерінің бірі, – деді аудан әкімі. Жалпы, Азия кубогына қатысқан Шет өңірінің спортшылары барлық салмақ дәрежесінде өнер көрсетті деуге толық негіз бар. 66 келіде Алмас Мыңбаев, Мұхит Қордабаев өнер көрсетіп, жүлдегерлер қатарынан көрінді. 73 келіде белдескен Сәкен Каринов, 82 келідегі Медеет Тотаев та Азия кубогынан құр қол қайтпады. 85 келідегі Әділ Маясаров, Бақтыбай Қоңыров пен Ерболат Әшімов те бар бұл қатарда. 90 келідегі Марғұлан Баянов, Өрік Балғабеков пен Қаршыға Төлегенов те үздіктердің қатарынан көрінді. 92 келіде белдескен Серғазы Бақмағанбетов пен Марлен Жаңғабай самбо мен дзюдодан қарсылас шақ келтірмеді. Ал, 100 келіде өнер көрсеткен Мақсат Нұрмұхаммедұлы, Ерғанат Нұрышев, Ертай Қаниев қазақ күресінен күміс және

кола медальға қол жеткізді. Сондай-ақ, дәл осы салмақта бозкілемге шыққан Арман Абилов те қазақ күресінде жауырыны жерге тимеді. Ал, Қанат Сағындық пен Болат Манабаев, Самалбек Айнатаев болса дзюдо, самбо және қазақ күресінен сынга түсіп, нәтижесінде, үш спорт түрінен де алтыннан алқа тақты. Аудан әкімінің марапатына ие болғандардың қатарында Болат Манабаев та бар. Ардагер – қазақ күресінен әлем чемпионы, әрі самбодан төрт дүркін әлем чемпионы. Бұған қоса, жерлесіміз Тайвань елінде жазғы спорт түрлерінен өткен Дүниежүзілік ойындарда дзюдодан бақ сынап, жеңімпаз атанған. Жақында өткен Азия кубогында да өз шеберлігін тағы бір мәрте дәлелдеп, жеңіс тұғырына көтерілді. Қазіргі таңда ардагеріміз Ақжал кентіндегі спорт кешенінде жаттықтырушы. Жас өрендерді тәрбиелеп, өңір спортын дамытуда сүбелі үлес қосып келеді. – Бұл турнирде тәжік спортшылары тыңғылықты дайындықпен келген. Өр салмақ дәрежесінде осал қарсылас болған жоқ. Барлығы өз елінің таңдаулы спортшылары. Өзім дзюдодан үш белдесу өткізіп, жеңіс тұғырына көтерілдім. Жалпы, жарыс тартысты өтті. Шет өңірінің спорт мектебінің тарихы тым теренде. Мұнда қалыптасқан дәстүрлі спорттық мектеп пен тәжірибелі бапкерлер құрамы бар. Осы бай мұраны үзбей, өскелең ұрпақтың бойына сіңіру – біздің міндет. Осы жолда жүйелі еңбек етіп келеміз. Алда маңызды сындар күтіп тұр. Қыркүйекте дзюдодан әлем чемпионаты, қарашада Кипр елінде самбодан әлем біріншілігі өтеді. Осы дүбірлі додаларда ел намысын абыроймен қорғап, жоғары нәтижелерге қол жеткізуді басты мақсат етіп отырмын, – деді ардагер Болат Манабаев.

Сурет Шет ауданы әкімдігінің баспасөз қызметінен

ORTALYQ QAZAQSTAN Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газет Құрылтайшысы: облыс әкімдігі МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Aqparat» ЖШС Директор Қайрат Жүнісұлы ӨБІЛДА Директордың орынбасары Станислав Альбертович ПЕСНЕВ Директордың орынбасары Ғалия Боранқұлқызы БАСТЕНОВА Бас редактор Е.К. МҰСАБЕК Бас редактордың орынбасары Қ.А. АЙТЖАН Сайт редакторы А.Ә. СОВЕТ Жауапты хатшы С.Б. ПЛИЯШ	Телефондар: Бас редактор: 43-38-53 Бас редактордың орынбасары: 43-58-08 Интернет-редакция редакторы: 43-38-33 Жауапты хатшы: 43-49-72 Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55; Меншікті тілшілер: Ақтоғай, Шет, Балқаш, Приозерск: 8-702-293-13-70 Қарқаралы, Нұра, Осакаров: 8-702-216-73-50 Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай, Бұқар жырау: 8-775-189-33-19	- Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. - Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді. - Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. - Материалдың жариялану ақысы төленген Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № KZ18VPU00030163 куәлігі берілді. Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады. Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №33 үй. Электрондық пошта: ortalyk.kz@gmail.com; ortalyk.kaz@mail.ru Жарнама бөлімі: ortalyk.reklama@mail.ru	«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131, БИК KСJВKZKX БИН 000840001412 Таралымы 3 969 №2 тапсырыс. Индекс 65484 Офсеттік басылым. Көлемі 4 баспа табак. Бағасы келісім бойынша «Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды. Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15. Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген. Кезекші редактор Жамап СОВЕТҚЫЗЫ
---	---	---	---